4. Вода содержит 0,6 мг/л ионов брома и йода, 0,17 мг/л ионов К.

#### **ЛИТЕРАТУРА**

- 1.Обручаев В.А. Пограничная Джунгария. 1932, т.3, в.1.
- 2.Сергеев Е.Н. Геологический очерк Джетесу.-Уз.гиз. 1925
- 3.Самакова А.Б. Проблемы гидроэкологической устойчивости в бассейне озера Алаколь.- Алматы: Каганат, 2003.
- 4.Тарасов М.Н. Гирохимия озера Балхаш. М., 1951.
- 5.Канаева Р. Балхаш – Алакольский бассейн: проблемы и перспективы устойчивого развития. ЭКВАТЕК – 2004, часть-1.
- 6.Методы анализа рассолов и солей. Тр. ВНИИГ .- госхимиздат, 1950, т.22.
- 7.Беремжанов Б.А., Снигирова Н.Е. Сб. работ аспирантов и соискателей МВ и ССО, КазССР.- АЛМАТЫ,1963.
- 8.Алекин О.А. гидрохимия рек СССР. Тр. ГГИ, 1949, ч.3, в.1969.
- 9.Валяшко М.Г. классификационные признаки соляных озер. Тр. ВНИИГ – Госхимизд., 1959, в.23.

УДК 574

## **ГИДРОХИМИЯ ОЗЕРА БАЛХАШ**

**М.А.Джетимов, А.К.Бутенова, Г.Курмангажы**

*Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова*

*Amir\_aviation89@mail.ru*

*Балқаш –Қаратал су бассаейінің экожүйесі мен геожүйесін сақтау ұсынысы, сонымен қатар антропогендік өзгерісінің жоғарлауы мен экологиялық құрылымының тұрақтылығының бұзылу қатері бар анализ мәселесі, бассейнің табиғи ресурстарын рационалды қолдану.*

*In recent years there are about 5.04 million tons of salts a year arrive down the river Karatal to Balkhash Lake. Using of water of the Karatal river for filling the Kapchagaisky reservoir brought to reduction of volume of arriving water of the river on 2/3 and to decrease in level of the lake, bringing to mineralization, which advances forecasts. Complex research of influence of the Karatal river on the current state of salt formation of Balkhash Lake. Hydrochemical research of the water area of Balkhash Lake and the Karatal River.*

*Решение процессов осадкообразования в континентальных водоемах явилось причиной начала работы по гидрохимическому исследованию на акватории оз. Балхаш с целью уточнения современного солевого баланса озера и разработки прогноза на перспективу.*

*Ключевые слова:* кальцит, магнезит, доломит, минерализация, концентрации солей, диссоциация.

### **Введение**

Водные ресурсы Казахстана- один из основных факторов, стимулирующих темпы его экономического развития. Многочисленные соляные озера на территории республики- источник природных солей. Одним из крупнейших континентальных соляных бассейнов Казахстана является Прибалхашье.

На кафедре геоэкологии Таразского государственного университета имени М.Х.Дулати был исследован генезис природных солей Прибалхашья и на их примере обоснованы рациональные пути использования сульфатных озер. [1].

До последнего времени в научных исследованиях и проектных проработках по Или- Балхашскому бассейну не получили достаточного развития вопросы формирования солей в замкнутых водоемах, а так же вопросы, связанные с определением количественных характеристик элементов современного солевого баланса озера. Задача эта является сложной, поскольку зависит от многих постоянных и переменных факторов.

Отсутствие в литературе единого подхода к решению процессов осадкообразования в континентальных водоемах явилось причиной того, что с летнего периода 2009 г. начата работа по гидрохимическому исследованию на акватории оз. Балхаш с целью уточнения современного солевого баланса озера и разработки прогноза на перспективу.

Изучение гидрохимии оз. Балхаш тесно связана с проблемой оз. Балхаш, которая заключается в оптимальном использовании водных ресурсов его бассейна, включая и само озеро.

Одной из главных водных артерий бассейна озера Балхаш является река Карагатал. Зaborы воды построенные на р.Карагатал для полива развивающегося орошающее замедление значительно сократили поступление вод в оз.Балхаш. Это приводит к

ежегодному снижению уровня озера.

В этой связи актуально изучение процессов солеобразования в воде озера Балхаш.

В гидрохимическом отношении оз.Балхаш является уникальным водоемом, Минерализация и соотношение главных ионов в воде озера закономерно изменяются по его длине с запада на восток. Многолетними наблюдениями (1985-2009 гг.) установлено, что в юго-западной части озера минерализация колеблется от 0, 65 до 1, 42 г/л, а в самом восточном плесе – от 4,80 до 5, 76 г/л.

Сравнение некоторых прогнозных оценок с фактическими данными показывает, что рост минерализации воды в последние годы по интенсивности значительно опережает прогнозные величины (табл.1).

Таблица 1. Прогнозные и фактические величины минерализации воды оз. Балхаш

Год	Организация							
	КазНИГМИ		ТарГУ		ГГИ		КазГП	
	ЗБ	ВБ	ЗБ	ВБ	ЗБ	ВБ	ЗБ	Б
	прогноз		фактически		фактически			
1985		2,53						
1989							1,97	2,63
1995	1,53	3,61					1,44	2,77
1999		3,44			1,9	4,4	1,56	
2005		3,73	1,85	4,58				
2009		4,17	2,76	6,23				
2010		5,12						

По составу вода относится к сульфатному классу группы натрия с повышенным содержанием хлоридов. С ростом минерализации по длине озера уменьшается относительное содержание ионов  $\text{HCO}_3^-$ ,  $\text{CO}_3^{2-}$ ,  $\text{Ca}^{2+}$ , а содержание ионов  $\text{Cl}^-$ ,  $\text{SO}_4^{2-}$ ,  $\text{Mg}^{2+}$ ,  $\text{Na}^+$ ,  $\text{K}^+$  увеличивается (табл.2 ).

### Экспериментальная часть

Сопоставляя значения хлорных коэффициентов отдельных ионов (табл.3), видно, что в озере происходят процессы, в которых заметное участие принимают ионы кальция, магния, карбонат, гидрокарбонат, а так же сульфат-ионы. Однако, процессы, протекающие в разных местах озера, не однотипны. Процессы метаморфизизации с участием карбонат, гидрокарбонат- ионов и ионов кальция, приводящие к садке кальцита, происходят повсеместно, а процессы еще и с участием магний- ионов, приводящие к садке магнезита или, возможно, доломита [4,5,] только в крайнем восточном плесе.

Эти выводы подтверждают мнение Н.М.Страхова[2,4,], Б. А. Беремжанова [1], М.Н.Тарасова [3] и других [5,] осадке карбонатов из балхашской воды, но, однако отмечается неодинаковость процессов, протекающих в западной и восточной части озера. В связи с этим очень показательной является аналогия в изменении концентрации суммы гидрокарбонатов и карбонатов, с одной стороны, и суммы кальция и магния- с другой (табл. 2).

Таблица 2. Средний химический состав воды оз.Балхаш по гидрохимическим районам (лето 2012 г.)

Г/х Район	$\text{Ca}^{2+}$	$\text{Mg}^{2+}$	$\text{Na}^+ + \text{K}^+$	$\text{HCO}_3^-$	$\text{CO}_3^{2-}$	$\text{SO}_4^{2-}$	$\text{Cl}^-$	$\Sigma$ и Мг/л
	1/z (C) ммоль/л/ мг/л							
1	2,17 43,4	7,80 94,4	11,83 295,7	4,60 280,7	0,80 24,0	10,6 508,8	5,80 206,0	1453
2	2,05 41,1	7,15 86,9	12,60 315,0	4,30 262,4	0,80 24,0	11,5 552,7	5,20 184,2	1466
3	1,84 36,9	10,40 126,1	18,68 467,0	4,92 300,7	1,44 43,2	16,3 783,6	7,90 281,0	2038
4	1,71 34,3	11,90 145,2	24,45 611,3	5,28 322,5	1,97 59,1	18,9 905,9	11,10 393,1	2471
3Б	1,94 38,9	9,30 113,1	16,58 414,5	4,77 291,5	1,25 37,5	14,3 687,7	7,50 266,0	1849
5	1,16 23,2	17,04 207,2	36,90 922,3	7,47 456,1	1,96 59,0	25,9 1247	19,70 700,4	3615
6	0,99 20,0	18,50 224,6	40,84 1021	7,96 485,9	2,27 68,2	28,2 1354	21,90 776,2	3950
7	0,99 19,8	22,80 277,2	52,40 1310	9,55 583,3	3,44 103,2	34,80 1673	28,40 1009	4976
8	0,71 14,2	26,80 314,0	61,6 1539	10,79 659	4,20 126,0	41,0 1971	32,10 1140	5763
ВБ	0,96 19,3	21,03 255,7	47,92 1198	8,94 546	2,97 89,1	32,5 1561	15,50 906,5	4576
Ср.зн.	1,45 29,1	15,20 184,4	32,20 806,5	6,86 418,7	2,11 63,3	23,4 1124	16,50 586,2	3212

Если бы карбонаты не участвовали в процессе осаждения, то их содержание, как и содержание ионов хлора, должно было бы возрасти в 8-ом гидрохимическом районе (Бурлю-Тюбинский плес) примерно в шесть раз и составить около 32,0 ммоль/л. Наблюдаемое содержание карбонатов в этом плесе составляет 10,73 ммоль/л или на 21,27 ммоль/л меньше, чем наблюдалось бы в указанном случае. Аналогичный расчет для суммы кальция и магния дает 31,46 ммоль/л, т.е. близкую цифру.

Если сопоставить ионный состав воды озера с тем же составом, но за вычетом содержащихся в нем кальция и магния, (табл.3), то можно видеть, что абсолютное суммарное количество карбонатов кальция и магния растет от 10,56 на западе до 25,93 ммоль/л- на востоке (увеличение в 2,5 раза). Однако их относительное содержание в общей концентрации солей в том же направлении падает почти в двое. Иными словами, в направлении с запада на восток балхашская вода обедняется по содержанию карбонатных соединений и прежде всего кальция в результате осаждения, что убедительно подтверждается данными табл.3.

Таблица 3. Хлорные коэффициенты главных ионов для воды оз.Балхаш (2013 г., лето)

Район	C/Cl*10-2						$\Sigma/\text{Cl}^{-1}$
	$\text{Ca}^{2+}$	$\text{Mg}^{2+}$	$\text{Na}^+ + \text{K}^+$	$\text{HCO}_3^-$	$\text{CO}_3^{2-}$	$\text{SO}_4^{2-}$	
1	21,00	45,8	143,5	136,2	11,6	246,9	7,05
2	22,30	47,1	171,0	142,4	13,0	300,0	7,96
3	13,10	44,8	166,1	107,0	15,3	278,8	7,25
4	8,70	36,9	155,5	82,0	15,0	230,4	6,28
5	3,30	29,5	131,7	65,1	8,4	178,0	5,16
6	2,57	28,9	131,0	62,5	8,7	174,0	5,08
7	1,96	27,4	129,7	57,7	10,2	165,7	4,92
8	1,24	27,5	135,0	57,8	11,0	172,9	5,05

Если углекислый кальций присутствует во всех районах озера, то углекислый магний совершенно отсутствует в воде западного плеса, появляясь лишь в восточной половине водоема. Здесь по мере приближения к восточной оконечности озера отчетливо видна тенденция к увеличению содержания этой соли. Все остальные соли ( $\text{Mg}(\text{HCO}_3)_2$ ,  $\text{MgSO}_4$ ,  $\text{Na}_2\text{SO}_4$ ,  $\text{NaCl}$ ,  $\text{KCl}$ ) присутствуют в воде озера повсеместно (табл. 3). При этом их количество несколько возрастает, особенно резко для сульфата и хлорида натрия по направлению с запада на восток.

Указанная особенность ионного состава воды объединяется сочетанием ряда физико-географических факторов. Главными среди них являются форма котловины, вытянутая с запада на восток на 600 км в условиях засушливого климата, и сосредоточение основного источника водного питания в юго-западной оконечности озера. Кроме того, в воде оз. Балхаш имеет место сложное соотношение реакции между водами разных типов и концентрации (вода самого озера, питающих его рек, подземные и атмосферные воды, воды заливов и шиганов), а так же ионообмен со взвешенными коллоидно-глинистыми частицами.

Процесс осаждения карбонатов кальция и магния из воды оз. Балхаш является одним из факторов, постоянно уменьшающим солевой запас озера, минерализацию и поэтому входит в расходную часть его солевого баланса.

В связи с этим представляет интерес исследование состояния карбонатно-кальциевого равновесия в воде оз.Балхаш в современный и многолетние периоды. Результаты расчета, выполненными нами для каждого гидрохимического района озера (206 проб) в летний период с 2005-2009 года осреднены и приведены в табл.3 и представлены графически на рис. 1,2(3).

Как видно, вода оз.Балхаш по своей акватории сильно пересыщена карбонатом кальция, пересыщение неодинаковое и растет в восточном направлении от 3,6 до 15,2.

Сравнивая средние величины произведения активностей  $\text{Ca}^{2+}$  и  $\text{CO}_3^{2-}$  в 1 и 8-ом гидрохимических районах видно, что они практически не меняются: отмечается лишь некоторое повышение величины  $a\text{Ca}^{2+} a\text{CO}_3^{2-}$  со 2 по 6-ые районы, затем снижение ее при переходе в 7 и 8-ые районы.

На рис. 1,2 приведены также кривые изменения произведения активностей ионов кальция и карбонат- ионов, величины пересыщения в воде оз. Балхаш, полученные разными авторами за период 1985- 2009 гг. [3,5]. За многолетний период величины  $S/S_1$  колеблются в близких пределах, что говорит о стабильности карбонатно-кальциевого равновесия. Отметим лишь что данные, полученные в 1985г. сотрудниками Государственного гидрологического института для районов Восточного Балхаша, несколько занижены по сравнению с нашими данными. Это объясняется тем, что указанными авторами при расчетах использовались не совсем точные значения констант (первой и второй константы диссоциации угольной кислоты, произведения растворимости

карбоната кальция, коэффициентов активности ионов  $\text{HCO}_3^-$ ,  $\text{CO}_3^{2-}$  и  $\text{Ca}^{2+}$ ). Известно, что последние оказывают существенное влияние на степень насыщения при более высоких значениях минерализации воды.

Значительное пересыщение природных вод карбонатом кальция явление нередкое. Так например, летом насыщение воды карбонатом кальция превышало норму в Рыбинском водохранилище в 58 раз [2] в отдельных прудах засушливой зоны в 19 раз [2], в озерах Сасык-Алакольского бассейна- в 3- 9 раз [3], в оз. Иссык-Куль- 3- 5 раз [4] и др.

О.О. Алекин и Н.П. Моричева [5] показали, что органическое вещество оказывает стабилизирующее влияние на растворы, пересыщенные относительно карбоната кальция.

Как показали наши исследования, перманганатная окисляемость воды оз. Балхаш увеличивается от 7,89 в западной части до 10,0 мг О/л- в восточной.

### **Выводы**

На основании проведенных опытов можно сделать вывод о том, что одними из основных виновников в соосаждении калия являются карбонат и сульфат кальция и в меньшей мере- карбонаты магния.

Большое значение для диагностики месторождений представляет распределение микроэлементов в природных водах, среди которых особое место занимает бор. Достаточно хорошо изучено поведение бора в процессе испарения морской воды и растворов, имитирующих морскую воду [6], и нет данных в этом плане для вод континентального происхождения.

Испаряя балхашскую воду, интересно было проследить распределение бора между твердой и жидким фазами [7]. Исходя из полученных данных, представленных в табл.4, видно, что бор ведет себя при испарении балхашской воды аналогично изменению концентрации калия. Его содержание в жидкой фазе вначале увеличивается с 1,8 до 5,6 мг/л, а затем половина содержания бора соосаждается с карбонатами. Значения бор-хлорных коэффициентов снижается до 3,0.

В растворах борной кислоты, находящихся в контакте с твердой фазой в виде арагонита и основного карбоната магния (табл.4), также наблюдается снижение концентрации бора. Все это говорит о том, что бор, как изоморфная примесь увлекается в осадок с карбонатами кальция и магния. Этому способствует то, что ионный радиус комплексного иона  $\text{BO}_3^{3-}$ , в виде которого бор находится чаще всего в природных водах, равен 0,136, а у  $\text{CO}_3^{2-}$  0,129, что на 4%

### **ЛИТЕРАТУРА**

1. Беремжанов Б. А. Солеобразование в некоторых континентальных бассейнах Казахстана.- Алматы, 1989- 164 с.
2. Страхов Н. М. Образование осадков в современных водоемах.- М., 1954.- 792 с.
3. Тарасов М. Н. Гидрохимия озера Балхаш.- М.: АН СССР, 1961.-225 с.
4. Страхов Н. М. Доломитовые осадки озера Балхаш и их значение для познания процессов доломитообразования.- Л.: Сов. Геология, 1945, №4, с. 46-48.
5. Коншин В. Д. Метаморфизация воды озера Балхаш.- Докл. АН СССР, 1945. т. 48, №5, с. 355-357.
6. Унифицированные методы анализа качества вод/ под ред.- В.кн.: Гидрохимические материалы. Л.: Гидрометиздат, 1987, т. 67.- 114 с.
7. Вопросы исследования и прогнозирования загрязненности рек.- В кн.: Гидрохимические материалы. Л.: Гидрометиздат

## **ЮРИСПРУДЕНЦИЯ**

ӘОЖ 347

**ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ  
ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТАБИҒИ РЕСУРСТАР КАДАСТРЫНЫҢ  
АЛАТЫН ОРНЫ ЖӘНЕ РӨЛІ**

**Мухаметкаримов А. Е., магистрант**

*I. Жансұгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ, azamat\_0610@mail.ru*

*Мемлекеттік жер кадастры табиғи ресурс кадастрлары арасында маңызды орын алады. Табиғи объектілердің жермен байланысы табиғи объектілерді қорғау және пайдалану мәселелерін шешу кезінде жер кадастрының мәліметтерін қолдануды қажет етеді. Кадастры жүргізу барысында картографиялық жобаларға, бірыңгай мемлекеттік жүйені қолдануга, бірыңгай класификаторға негізделген мәліметтің өзара үйлесімділігі қағидасы қамтамасыз етілуі тиіс. Кадастр мемлекеттік кадастр жүйесінің құрамдас болғанда болып табылады.*

*Государственный земельный кадастр имеет важное значение среди кадастров природных ресурсов. Определение связи природных объектов с землей, проблемы их использования и охраны требует применения земельного кадастра. Во время ведения кадастра должны применяться принципы основанные на картографических проектах, однородной государственной системе использования кадастра. Кадастр является составной частью кадастровой системы.*

*The State Land Cadastre is important inventories of natural resources. Defining a natural objects to the ground, the problem of their use and protection requires the use of land management. During the cadastre should apply the principles-based mapping projects, the use of a uniform state system of inventory. The cadastre is constituent part of the cadastral system.*

*Кілттік сөздер: Табиғи ресурстар, жер кадастры, динамика, табиғи объектілер тізімі, бірыңгай пайдалану жүйесі.*

Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы кезеңінде Қазақстан экономикасының дамуы табиғи ресурстарды қолдану қарқындылығының артуымен байланысты. Бұл шындық табиғи ресурстар жағдайы туралы дұрыс және толық мәліметтің болу қажеттілігін талап етеді. Бұл мәліметтердің жүйеленуі мен анықталуы кадастрларды жасау болып табылатын түрлі есептік жұмыстарды жүргізу арқылы жүзеге асады.

«Кадастр» сөзі «берілетін зат» деген мағынаға келетін «сарут» латын сөзінен және «берілетін заттардың тізімі» дегенді білдіретін «сапитаструм» сөзінен шықкан. Осылан орай алғашқыда кадастр алынатын заттардың тізімін қамтитын кітапты білдірді [1, 34б.]. Қазіргі кадастр – объектілер мен құбылыстардың сапалық және сандық тізімін қамтитын, реєсми мекеме тараپынан жасалатын мәліметтер жиынтығы болып табылады. Кадастр физико-географиялық сипаттама, жіктеу, динамика туралы мәліметтер, зерттелу дәрежесі, картографиялық және статистикалық материалдар қосымшасымен бірге экономикалық бағалауды қамтиды. Ол объектілер мен құбылыстарды қолдану бойынша ұсыныстар мен олардың қорғау шараларды қамтуы мүмкін. Кадастрлардың ең көп тараған түрлери: су кадастры, орман кадастры, детериорациялы кадастры, жер кадастры, ландшафт кадастры, медико-географиялық кадастры, ерекше қорғалатын табиғи объектілердің кадастры, топырак кадастры, кәсіпшілік кадастры, рекреациялық кадастры, эмиссиялық және дыбыстық сияқты арнайы кадастрлар [2, 56.].

Қазіргі таңда Қазақстанда кең ауқымды кадастрлар енгізілуде, олардың арасында:

қала құрылышының кадастры, табиғи-қорық қорының кадастры, ерекше қорғалатын аймактардың кадастры, азаматтық және қызметтік қару мен оның октарының мемлекеттік кадастры, қаржылық түрғыдан нашар кәсіпорындардың кадастры, сонымен қатар келесілердің енгізуі мүмкін: салық кадастры, жер асты суларының ластану аймақтарының кадастры, тау-кен кәсіпорындарының кеңіш және шахталық суларының мониторинг мәліметтерінің кадастры, табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастры, техногенді минералды құрылымдардың мемлекеттік кадастры, залалды заттар, радиоактивті қалдық және қалдық суларды жерлеудің мемлекеттік кадастры. Жоғарыда аталған кадастрлардың барлығын енгізу мемлекеттік ақпараттың мәліметтерге қажеттілігінен негізделуде [3, 89.].

Атальыш кадастрлардың үлкен белгі коршаған органды қорғау және табиғи ресурстарды қолдану саласында жүзеге асуга. Бұлар: табиғи-қорық қорлары объектілерінің кадастры, ерекше қорғалатын аймақтардың кадастры, жер асты суларының ластанған аймақтарының кадастры, тау-кен кәсіпорындарының кеңіш және шахталық суларының мониторинг мәліметтерінің кадастры, залалды заттар, радиоактивті қалдық суларды жерлеудің мемлекеттік кадастры, техногенді минералды құрылымдардың кадастры, кен орындары мен пайдалы қазбалардың мемлекеттік кадастры, мемлекеттік жер кадастры, мемлекеттік орман кадастры, мемлекеттік су кадастры, жануарлар әлемінің мемлекеттік кадастры.

Біздің көзқарасымыз бойынша, атальыш кадастрлар екі топты құрайды. Бірінші топты объектілердің жақындық қасиетімен бірлескен – табиғи-ресурстық кадастрлар құрайды. Олар: кен орындары мен пайдалы қазбалардың мемлекеттік кадастры, мемлекеттік жер кадастры, мемлекеттік орман кадастры, мемлекеттік су кадастры, жануарлар әлемінің мемлекеттік кадастры. Екінші топты ортақ мақсатпен коршаған органды қорғау - бірлескен кадастрлар құрайды. Олар: табиғи-қорық қорлары объектілерінің кадастры, ерекше қорғалатын аймақтардың кадастры, жерасты суларының ластанған аймақтарының кадастры, тау-кен кәсіпорындарының кеңіш және шахталық суларының мониторинг мәліметтерінің кадастры, залалды заттар, радиоактивті қалдық және қалдық суларды жерлеудің мемлекеттік кадастры, техногенді минералды құрылымдардың кадастры. Бұл кадастр тобын табиғи-ресурстық кадастрлар деп жіктеу объектілердің жалпылығы мен кадастрларды жүргізу мақсаттарымен түсіндіріледі.

Қазақстанда нарықтық реформалардың жүргізуімен, экономикалық және шаруашылық органдарда да өзгерістер болды, меншік қатынастары өзгерді. Нарықтық бағалардың стихиялық болуы есепсіз әлеуметтік және экологиялық құрам, коршаған органдың объектілері және бағалы ресурстар туралы кері ақпараттар бере бастады. Ерекше актуалдық табиғат қорларының кадастрларын құқықтық басқару қатынастарында олардың жүргізуімен табиғат қорларын бағалаудағы экономикалық нормативтердің ұзак пайдалануына мүмкіндік береді.

Мемлекеттік жер кадастрларын құқықтық реттеуде, жерге деген қажетті стратегиялық табиғат қорына, жеке меншікке құқықты бекітуге байланысты ерекше актуалдық заңдылықты иеленеді.

Азаматтық айналымда жердің сәтті қызмет етүінің қажетті шараларының бірі болып жер құқық қатынасындағы субъектілердің табиғат, шаруашылықтарының, Қазақстан Республикасының жерлерінің құқықтық жағдайы туралы мәліметтерді алуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік табиғат кадастрларын іс жүзінде жүргізу тәртібі ведомствалық сипатты иеленеді, бұл тәжірибеде оның жүзеге асуын, кейде жүзеге аспауын туғызады.

Мемлекеттік жер қатынастарының дұрыс дамуы еліміздің әлеуметтік-экономикалық, құқықтық дамуына зор ықпалын тигизетінін ұмытпағанымыз жән. Сол себепті жер қатынастарының реттелуін мемлекеттен ажыратып алуға болмайды. Мемлекет жер қатынастарын тек құқықпен ғана реттеп отырады, яғни, жер құқығы саласы осы жер қатынастарын реттеуде мемлекеттің негізгі қуралы болып табылады.

Қазіргі нарықтық қатынастарға байланысты, жердің мемлекет мешігінен жеке меншікке өтуі және жеке меншіктегі жерлердің азаматтық құқықтық мәмілелер арқылы сатылуы, жалға берілуі сияқты жүргізіліп жатқан қатынастардың барлығы да заңдылық жағынан қамтамасыз етілуі тиіс. Осы мақсатта Жер кадастрын жүргізу, яғни жер участесінің шаруашылық табиғи жай-күйі туралы мәліметтердің қалыптасуы және ол мәліметтерге мүдделі тұлғалардың кез-келген уақытта қол жетімдігінің болуы осы саладағы заңдылықты қамтамасыз етуші амал-тәсіл ретінде қарастырылады. Бұл дамыған нарықтық қоғамның талабынан туындаған заңды құбылыс болып табылады және өте орынды.

1999 жылдың 12 наурызында Қазақстан тарарапынан қол қойылған климаттың өзгерісі туралы Киот хаттамасының 7 бабында әрбір тараپ парник газын жұтқыштар мен антропогенді шығарынды кадастрына жыл сайын конвенция ережелерін кадағалау мақсатымен қажетті қосымша мәліметті ерізуі тиіс. Алайда қазіргі таңда Қазақстанда заңды турде парник газын жұтқыштар мен антропогенді шығарынды кадастрын енгізу қарастырылаған. Парник газының шығындыларын азайту бойынша мемлекеттік органдардың координациясын жақсарту мен климаттың өзгерісі туралы конвенция бойынша Қазақстан Республикасы өз міндеттерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі жарлығымен Киот хаттамасын ратификациялау мәселесі бойынша ведомство аралық комиссия туралы ереже бекітілді. Озон қабатын корғау туралы Вена конвенциясына қосылу, озон қабаты мен басқа да параметрлер жағдайын жүйелі бақылау бағдарламаларын жүргізу міндеттемесін алу, озон қабатын жоятын заттар туралы Монреаль хаттамасының қорытынды актісіне қол қою осының барлығы ауаны ластайтын шығындылар кадастрын жүргізу ережелерін заңды турде жүзеге асыру қажеттілігін негіздейді [4, 986].

Табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды рационалды пайдалану негізінде ғылыми-техникалық, экономикалық, құқықтық сипаттағы және ғылыми негізде жасалған мемлекеттік іс-шаралардың кешені жатыр. Табиғаттың даму заңдылықтарын пайдалану мен білу жүргізілетін табиғатты қорғау іс-шараларының тиімділігі мен табиғи ресурстарды пайдалануды ұйымдастыру тиімділігін анықтайды. Пайдаланылатын және қорғалатын табиғи ресурстардың касиеттерін анықтау ғылыми бақылау, тұжырымдар, есеп, инвентаризация жүргізумен және табиғи ресурстардың кадастры мен балансын жасау арқылы жүзеге асады.

Кадастрлар табиғи ресурстар туралы толық және жан-жақты түсінік береді және мемлекеттің шаруашылық-ұйымдастырушылық қызметінің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Олар ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, тау-кен өнеркәсібі, су тасымалы және басқа да табиғи ресурстарды пайдаланумен байланысты салаларын реттеу үшін маңызды болады [5]. Табиғи ресурстарды рационалды пайдалану және оларды қорғау үшін табиғи ресурстар жайлы мәліметтердің маңызы Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің мемлекеттік кадастрларының барлық түрлерін біріктіретін біртекті салааралық ақпараттық компьютерлік жүйені жасау бойынша жұмыстардың басталуын қамтамасыз етті. Сонымен қатар заң табиғи ресурс кадастрларының маңызды турлерін енгізді – жер, су, кен қазбалары және жануарлар әлемі.

Жер кадастры мен басқа табиғат кадастрындағы мәліметтер табиғи ресурстарды қорғау мен пайдалануды ұйымдастыру бойынша мәселелерді шешу үшін қажетті ғылыми негізделген алғышарттар қамтамасыз етеді. Жалпы «кадастр» деген түсініктің екі түп тамыры бар.

Біріншіден «caput» - нақты зат және «capitastrum» осы заттардың тізімі. Ал жер кадастры дегеніміз ғалымдардың пікірі бойынша, кен мағынада – жерді өндіріс құралы ретінде сипаттайтын барлық қажетті мәліметтердің жиынтығы. Тар мағынада жерді бағалау яғни, жердің табиғи және шаруашылық жағдайын анықтайтын бағалау мәліметтері деген болатын.

Мемлекеттік жер кадастры Қазақстан Республикасының мемлекеттік кадастрлар жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және жер ресурстарын басқару жөніндегі

орталық уәкілетті орган өздеріне қатысты алғанда мемлекеттік басқару органды болып табылатын, мамандандырылған республикалық, мемлекеттік кәсіпорындар Қазақстан Республикасының барлық аумағында бірінғай жүйе бойынша жүргізеді.

Мемлекеттік жер кадастрының деректері жерді пайдалану мен қорғауды жоспарлау кезінде, жерге орналастыруды жүргізу, шаруашылық қызметті бағалау және жерді пайдалану мен қорғауға байланысты басқа да іс-шараларды жүзеге асыру кезінде, сондай-ақ жердің бірінғай мемлекеттік тізілімін қалыптастыру, құқықтық және басқа да кадастрларды жүргізу, жер үшін төлем мөлшерін анықтау, жылжымайтын мулік құрамындағы жер участекерінің құнын және табиғи ресурстар құрамындағы жердің құнын есепке алу үшін негіз болып табылады. Кадастрың мәліметтерін сактау мен есепке алудың бірлігі ретінде жер құқық қатынастарыннан субъектілеріне бөліп берілген, тұйықталған шекарасы бар жер участекесі танылады. Кадастрда әрбір жер участекесі үшін кеністіктегі бөліп алуға, көлемі мен орналасқан жерін анықтауға, бағалау құнын айқындауға мүмкіндік беретін физикалық сипаттамасы белгіленеді. Мемлекеттік жер кадастрының мазмұнына сарапау жасай отырып, жерге құқыктарды қорғау және жерді ұтымды пайдалануын қамтамасыз ететін жер ресурстарын мемлекеттік басқару құралы ретінде қарастыруымыз қажет. Бұл жағдайда басқару функциясы ретінде кадастрың өзі емес, сол атап кадастрды жүргізу мен ұтымдастырумен байланысты мемлекеттік органдардың қызметі танылуы тиіс.

Кадастр қызметі мемлекет қызметтің құқық қорғау формасына айналғаны сонша, кадастраудың объектілері туралы жүйеленген, үнемі толықтырылып отырған мағлumatтар ретінде, олардың сандық және сапалық жағдайы, пайдалану мен пайдаланушылар ретінде коршаған органды қорғау мақсатымен іске асырылады.

Бұл туралы Е.Н. Колотинская. Ол «кадастр мәліметтері табиғи ресурстарға мемлекет меншікті қорғау мақсатымен қолданылады. Соған коса кадастрың кейбір элементтерінің құқық беру және құқық үлестіру сипаты бар, соған сай табиғи ресурстарды есепке алу және бағалау сипаты бар», - деп жазды.

Мемлекеттік жер кадастры табиғи ресурс кадастрлары арасында маңызды орын алады. Табиғи ортаның маңызды компоненті және жердегі барлық тіршіліктің өмір сүруінің қажетті шарты бола отырып, жер сонымен катар өндіріс процессінде таптырмайды. Әсіресе жер кадастрының орны ауылшаруашылық өндірісінде ерекше. Жер кадастрының мәні жерді пайдалану мен қорғауды дұрыс ұтымдастырумен шектелмейді. Табиғаттың барлық объектілері жермен байланысты болып табылады. Жерді әдеттен тыс және дұрыс емес пайдалану барлық табиғи ортаның күйреуіне, орманның жойытуына, өзендердің таяздануына, ауаның ластануына, флора мен фаунаның өміршендігінің азауына әкеп соктырады. Табиғи объектілердің жермен байланысы табиғи объектілерін қорғау және пайдалану мәселелерін шешу кезінде жер кадастрының мәліметтерін қолдануды қажет етеді. Сондыктan мемлекеттік жер кадастры тек жерді ғана емес, сонымен катар онымен байланысты барлық табиғи объектілерді пайдалану және қорғау құралы ретінде шығады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Серикбаева Ш.Б. Проблемы правового регулирования государственной регистрации прав на землю в Республике Казахстан. – Алматы, 2003. – 141 с.
2. Дегтярев И.В., Осипов Л.И. Земельное право и земельный кадастр. – М: юридическая литература. – 1986. С.126-127.
3. Алчинбаева А.Н. Правовое регулирование ведения природных кадастров Республики Казахстан: Дисс. канд.юрид.наук. - Алматы, 2005. - 150 с.
4. Венская конвенция о дипломатических сношениях от 18.04.61// Сарсембаев М.А. Дипломатическое и консульское право. – Алматы: Данекер, 2000. – 297 с.
5. Колотинская Е.Н. Правовые вопросы теории государственного земельного кадастра в СССР. – М.: Издательство МГУ, 1982. – 128 с.

ӘОЖ 340

## **АЗАМАТТЫҚ ТАЛАПТЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ**

**Сериев Б. А., з.ф.к., доцент  
Сүлейменов Н. Б., магистрант  
I.Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қ.**

*Атаплан мақалада қылмыстық процестегі азаматтық талаптың мәні, маңызы, міндеттері жан-жакты зерттеліп қарастырылған. Азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкердің міндеттері мен құқықтары толығымен дерлік айтылып отыкен.*

*В данной статье рассматриваются вопросы гражданского иска с требованием в уголовном судопроизводстве. А также всесторонно исследован права и обязанности гражданского истца и гражданского ответчика.*

*This article discusses the issues of the civil suit demanding in criminal proceedings. Also, a comprehensive study of the rights and responsibilities of civil plaintiff and civil defendant.*

*Кілт сөздер: азаматтық талап, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, моральдық және материалдық зиян, сот өндірісі, талап қою мерзімі, азаматтық талаптың пәні, әрекет немесе әрекетсіздік.*

Қылмыстық іс бойынша азаматтық талап қойған талапкер азаматтық сот өндірісінде талап қойған талапкерге қарағанда мемлекеттік баж төлеуден босатылады. Сонымен қатар қолданыстағы заннамада сотталушыға қатысты өлім жазасы тағайындалған жағдайда, жазаланушының мулкі материалдық зиянның орнын толтыруға жеткілікті болмаған реттерде азаматтық талапкердің республикалық бюджет каражаты есебінен өтемекі талап ету құқығы қарастырылған. Аталған өтемекіны төлеу мәселесі азаматтық талапкердің өтініші бойынша өлім жазасы туралы үкім шығарған сотпен шешіледі. Жәбірленушінің көрсетілген жағдайларда, егер залал бір мың ең төменгі есептік көрсеткіштен аспаса, залалдың толық көлемінде өтелуіне құқығы бар.

Егер азаматтық талап қоюға занмен белгіленген негіздер болмаған жағдайда (КР ҚДЖК 164-бап), онда жеке немесе занды тұлғаны азаматтық талапкер ретінде танудан тас тарту туралы қаулы шағарылып, оған шағымдануға құқығы бар екендігі түсіндіріледі. Ис бойынша қылмыстық іс жүргізуінде сотқа дейінгі сатысында азаматтық талапкер ретінде танудан бас тарту, талапкерді сотта сот тергеуі басталғанға дейін талап қою құқығынан айырмайды. Айыпталушыға қаралып жатқан қылмыстық істің пәні болып табылатын қылмыстан туындаған негіздерден басқа реттерде талап қойылмайды. Айыпталушының, азаматтық жауапкердің немесе оның өкілдерінің жәбірленушігे не үшінші тұлғаларға карсы мүлкітік талаптары қылмыстық сот өндірісінде қараусыз қалдырылады және азаматтық сот тәртібімен қаралуы мүмкін.

Азаматтық талапкер өзі қойған азаматтық талаптан бас тартуға құқылы. Азаматтық талапкердің қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында талаптан бас тарту туралы өтініші жазбаша түрде беріліп, қылмыстық іске қоса тіркеледі. Талаптан бас тартуды анықтаушы, тергеуші немесе прокурор қылмыстық іс болынша тергеу жүргізуін кез келген сәнде қабылдайды, бұл туралы қаулы

шығарылады. Талаптан бас тартуды сот қаулы шығара отырып, сотта іс караудың кез келген сәтінде, бірак сот үкім шығару үшін кенесу бөлмесіне кеткенге дейін қабылдай алады. Егер азаматтық талапкердің талаптан бас тартуды сот отырысында білдірілсе, онда ол сот отырысының хаттамасына енгізіледі. Талаптан бас тартуды қабылдағанға дейін қылмыстық процесті жүргізуші орган азаматтық талапкерге талаптан бас тартуды қабылдау ол бойынша іс жүргізуді тоқтатуға әкеп соғатынын түсіндіруге міндетті (ҚР ҚДКК 168-бап). Егер азаматтық талапкер талаптан бас тартқан жағдайда, оның бұл талаптарын қылмыстық сот өндірісі және азаматтық іс іс жүргізу тәртібімен қайта қоюға құқығы жоқ.

Қылмыстық іс жүргізуде азаматтық талап қою - азаматтар, заңды тұлғалар мен мемлекеттің қылмыстық іс қозғалған сәттен бастап мүліктік құқықтары мен мүдделерін қорғаудың маңызды процесуалды құралы. Осыған сәйкес сот, прокурор, тергеуші мен анықтаушы мүдделі тұлғаларға олардың қылмыстық іс жүргізуде өз бастамашылығымен азаматтық талап қоюға құқылы екендіктерін түсіндіріп, азаматтық талапқа қатысты қамсыздандыру шараларын уақытылы жүзеге асыруға міндетті. Тек сот үкімі ғана қылмыстың орын алғандығы не болмағандығы, осы қылмыс бойынша айыпталушы тұлға кінәлі болып табылады ма, жоқ па, сottалушы келтірілген зиян үшін жауапты ма, жоқ па сиякты сауалдарға жауап беріп, анықтайды. Сот үкімі қылмыс салдарынан келтірілген зиянды шеккен тұлғаны да анықтайды. Аталған мән-жайлардың анықталуы қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық талаптарды қанағаттандырудың алғышарттары болып табылады.

Қазіргі кезде процессуалистер арасында азаматтық талапты қанағаттандыру құқығын жүзеге асырудың алғышарттары мен шаралары бойынша ортақ пікір қалыптаспаған. С.В. Курылевтің пікірінше, талаптың құқықтық негізділігі материалды құқық саласына, ал іс жүзіндегі негізділігі процесуалды құқық саласына жатады [1, 2076.]. Г.Л. Осокинаның айтуынша, талапты қанағаттандыру құқығының пайда болуы материалды заң мен тиісті заңды фактілердің орын алуы (талаптың құқықтық және іс жүзіндегі негізділігі) негіз болып табылады [2, 185 б.].

Көптеген ғалымдардың пікірінше, азаматтық талапты қанағаттандыруға құқықтың пайда болуы бірнеше алғышарттан тұрады: талап қою құқығы; талаптың құқықтық негізділігі, яғни талаптың кай заң нормаларына сәйкес қойылғандығын көрсетуі; талаптың іс жүзіндегі негізділігі, яғни талапкердің жауапкерге қойған талабын негіздейтін фактілердің дәлелденуі. Соңғы екі алғышартты В.Т. Нор қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық талаптың материалды және құқықтық негіз ретінде қарастырып, үшінші негіз ретінде процесуалды алғышарттарды бөліп көрсетті [3, 1756.].

Қылмыстық іс жүргізуде азаматтық талаптың пәні азаматтық деликтілік құқықтық қатынастар саласына жатқызылып, азаматтық заңнамамен реттелінеді. Азаматтық заңдармен реттелінетін, зиян келтіру салдарынан туындаған азаматтық құқықтық қатынастардың ерекшелігі олардың қылмыстық заңнама нормаларымен реттелінетін жоғары қоғамдық қауіптіліктің пайда болуындағы үйлесімінде. Зиян келтіру салдарынан туындастырын міндеттемелер ҚР АК нормаларымен реттелінеді. Зиянның орнын өтеудің негізі болып келтірілген зиян фактісі болып табылады. Т.А. Славгородскийдің пікірінше, дәлелдеу пәніне жеке және заңды тұлғалар мен олардың мүлкіне келтірілген зияннан басқа қылмыс пен келтірілген зиян арасындағы айыпталушының әрекеті не әрекетсіздігіндегі себепті байланыстың болуы; келтірілген зиянның көлемі; зиян келтірушінің кінә денгейі; іс бойынша азаматтық жауапкер ретінде танылуы мүмкін айыпталушының материалды жағдайы [...].

Азаматтық талаптың қылмыстық-процессуалдық доктринасы кінәні оның негізі ретінде қарастырмайды, себебі кінәсіз қылмыстың жасалуы мүмкін емес. В.Т. Нордың пікірінше, тұлғаны қылмыс жасады деп тану үшін оның кінәлілігі дәлелденуі тиіс [4,

201 б.]. Қылмыстық іс жүргізудегі кінәсіздік презумпциясына сәйкес, әр адам оның қылмыс жасағандығы үшін кінәлілігі ҚДЖК көзделген тәртіппен дәлелденгенге және сottың заңды қүшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп саналады. ҚР АК-нің 917-бабына сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалардың мұліктік немесе мұліктік емес иғіліктері мен құқықтарына заңсыз іс-әрекеттермен (әрекетсіздікпен) келтірілген (мұліктік және (немесе) мұліктік емес) зиянды, оны келтірген тұлға толық көлемінде өтеуге тиіс. Заң актілерінде зиянды өтеу міндепті зиян келтіруші болып табылмайтын тұлғаға жүктелуі, сондай-ақ өтеудің неғұрлым жоғары мөлшері белгіленуі мүмкін. Яғни азаматтық заңнама нормалары бойынша, зиян келтіру салдарынан туындаған азаматтық құқықтық катынастарда зиян келтіруші кінәлі болып табылады және өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндепті. Зиян қылмыс құрамының саралаушы белгісі болып табылады, сәйкесінше, кінә қылмыс құрамының субъективті жағы ретінде қарастырылады, себебі азаматтық құқықбұзушылық құрамында кінә дәлелденуге жатпайды. Азаматтық құқық теориясында азаматтық құқық бұзушылық құрамының құрылымы даулы мәселе болып табылады. Көп жағдайларда азаматтық құқықбұзушылық құрамына құқыққа қайши әрекет (әрекетсіздік), зиян салдары, әрекет (әрекетсіздік) пен зиян арасындағы себепті байланыс жатады. Кінә қылмыс құрамының құрылымдық элементі болып, қылмыстық жауаптылық тартудың бір негізі болып табылады, бірақ қылмыстық іс жүргізуде азаматтық талап қоюдың негізі болып табылмайды. Құқыққа қайши әрекеттер азаматтық және қылмыстық құқықтық катынастар қатысушыларының субъективті құқықтарын қорғайтын объективті құқық нормаларын бұзады. Әрекеттің қоғамдық қауіптілігі – бұл қылмыстың арнайы белгісі болып табылады және өзге құқық бұзушылықтарға мұндай белгі тән емес деген пікір де қалыптасқан.

Қылмыстық-процессуалдық құқықта азаматтық талапқа қатысты кең тараған пікір бар. Оған сәйкес, азаматтық талапкердің талабы заңмен белгіленген заңды фактілер нәтижесінен туындаиды. Материалды-құқықтық катынастардың пайда болуын туыннататын заңды фактілер болмаған жағдайда қылмыстық іс жүргізуде азаматтық талап та қойыла алмай, сот қарауына жатпайды. А.Г. Мазалов азаматтық талаптың негізі талапкердің талаптарын білдіретін заңды фактілерден тұратындығын атап көрсетеді. Бұл заңды фактілер талапкер мен айыпталушы (жауапкер) арасындағы келесідей құқықтық катынастардың пайда болуына әкеледі: қылмыстың жасалғандығы; қылмыс салдарынан келтірілген мұліктік және моральдық зиянның болуы; қылмыс пен моральды зиян арасындағы себепті байланыстың болуы [5].

Қылмыстық іс жүргізуде азаматтық талап кою үшін жоғарыда аталған негіздерден басқа белгілі бір шарттар болуы тиіс. Оларды әдебиеттерде, әдетте, қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық талаптың алғышарттары деп атайды. Көптеген ғалымдар алғышарттар қатарына келесідей мән-жайларды жатқызады: талапкердің әрекет және құқық қабілеттілігі, даудың сottылығы, алдын-ала қойылған талаптың пәні мен негіздері бойынша сот шешімінің шығарылмауы. Қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық талаптың алғышарттары мәселесі заң әдебиеттерінде маңызды рольге ие.

Аталған мәселе бойынша алғаш рет теориялық ұсылыстарды П. Гуреев білдірген. Автор негізінен процессуалды алғышарттар туралы ой қозғап, олардың қатарына келесідей мән-жайларды жатқызды: шағымданушының процессуалды құқық қабілеттілігі; даулардың сот органдарына ведомстволылығы; бір пән мен негізде қойылған талап бойынша заңды қүшіне енген сот шешімінің, не талапкердің талап арыздан бас тарту туралы, не тараптар арасында татуластыруши шарттарды бекіту туралы сот анықтамасының болмауы; жәберленушінің шеккен материалдық зияны; айыпталушының әрекеттерінде қылмыс құрамының болуы; қылмыс пен материалды зиянның арасындағы себепті байланыстың болуы [6].

Заң нормаларын жән ғылыми көзқарастарды талдау нәтижесінде қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық талаптың келесі алғышарттарын белглеп көрсетуге болады деп

есептейміз:

- 1) азаматтық талапкердің әрекет және күкірткыштың қабілеттілігі;
- 2) даулардың сот органдарына ведомстволылығы;
- 3) азаматтық талаптың қылмыстық іс шенберінде берілуі;
- 4) азаматтық талапкерге келтірілген материалдық не моральдық зиянының болуы;
- 5) қойылған талап бойынша сот шешімінің алдын ала шығарылмауы.

Сот-тергеу тәжірибесін талдау тергеу және сот органдарымен талап қою күкірткышын жүзеге асыруда екі түрлі қателік жіберетіні анықталды. Көп жағдайларда тергеу органдарымен занды тұлға болып табылмайтын және соған сәйкес қылмыстық іс жүргізуде азаматтық талапкердің қүкірткыштың үйінде алмайтын үйымдардан келтірілген зиянның орнын өтеу туралы өтініштер қабылданады. Екінші қателік, азаматтық талапкер ретінде занды тұлғалардың өзін емес, олардың өкілдерін тану болып табылады. ҚР ҚДЖК 162-бабына сәйкес, азаматтық аталап қылмыстық іспен бірге қаралады, яғни талап арыздың соттылығы қылмыстық істің соттылығына сәйкес келеді. Егер қылмыстық іс бойынша азаматтық талап қойылмаса немесе шешімін таппаса, онда талап азаматтық сот өндірісі тәртібімен қойылады. Осылайша, ҚР АДЖК 35-бабының үшінші белгінен сәйкес, қылмыстық істен туындастырылған талап, егер ол қылмыстық іс жүргізілген кезде азаматтық талап қою ретінде мәлімделген немесе шешілмеген болса, осы Кодексте белгіленген соттылығы туралы ережелер қылмыстық іс жүргізуде қойылған азаматтық талап ҚР ҚДЖК нормаларымен реттелмейтін болса, онда мұндай қатынастар азаматтық іс жүргізу тәртібімен шешілуі тиіс.

Жоғарыда айттылғаның негізінде келесі қорытынды жасауымызға болады:

Қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық талаптың келесі алғышарттарын белглеп көрсетуге болады деп есептейміз:

- 6) азаматтық талапкердің әрекет және күкірткыштың қабілеттілігі;
- 7) даулардың сот органдарына ведомстволылығы;
- 8) азаматтық талаптың қылмыстық іс шенберінде берілуі;
- 9) азаматтық талапкерге келтірілген материалдық не моральдық зиянның болуы;
- 10) қойылған талап бойынша сот шешімінің алдын ала шығарылмауы.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Курылев С.В. Формы защиты и принудительного осуществления субъективных прав и право наиск. Серия Юрид. Вып. 3. – Иркутск: Иркутский ун-т им. А. Жданова, 1957. - Т. 22. – С. 202-206.
2. Осокина Г.Л. Проблемы иска и права наиск. – Томск: Томский ун-т, 1989. – 196 с.
3. Нор В.Т. Защита имущественных прав в уголовном судопроизводстве. – Киев: Выща школа. 1989. – 275 с.
4. Мазалов А.Г. Процессуальное положение гражданского ответчика // Советская юстиция. – 1974. – № 23. – 16-18 с.
5. Гуреев П.П. Гражданский иск в советском уголовном процессе. – М.: Го-сюриздат, 1961. – 95 с.

## **ЭКОНОМИКА**

ӘОЖ 336.7

## **КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДІҢ ӨТІМДІЛІГІН БАСҚАРУ САЯСАТЫНЫң СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЖАҢАРТЫЛУЫ**

**Адамов А.А., қаржы магистры, аға оқытушы**

*I. Жансүгіров атындағы ЖМУ, Талдықорған қаласы,  
askar-adamov@mail.ru*

*Бұл мақалада коммерциялық банктердің қазіргі уақытта кездесетін өзекті мәселелерінің бірі банк өтімділігін басқару саясатын тиімді қолданудың стратегиялық басылымдылықтары және оның функционалдық жаңартылуы туралы қарастырылған. Мұнда мәселенің тереңдігіне байланысты банк өтімділігін басқару саясатын құрудың сценарлық бағыттары жасалған. Бұл саясаттың әдістемесіне талдау АҚ «АТФ Банк»-те өндөліп жүргізілген. Стресс-тестілеу арқылы банк өтімділігінің функционалдық жаңартулары зерттелді. Сонымен қатар мақалада банк өтімділігін тиімді басқару арқылы банктік тәуекелдерді болжау және алдын алу шаралары қарастырылған.*

*В этой статье рассматривается один из актуальных проблем коммерческих банков - применение стратегических преимуществ и его функциональное обновление в политике управление ликвидности банка. Для решений данной проблемы сделано сценарное направление который формирует политику управлением ликвидности банка. Методический анализ данной политики сделан в АО "АТФ Банк". С помощью стресс-тестирования исследовано функциональная обновления ликвидности банка. А также в этой статье рассматривается прогнозирование и предотвращение банковских рисков с помощью эффективного управление банковской ликвидности.*

*This article focuses on one of the actual problems of commercial banks - the use of strategic advantages and functional update to the bank's liquidity management policy. For the solution to this problem is made Screenwriting direction that forms liquidity management policy of the bank. Methodical analysis of the policy is made in the "ATF Bank". With the stress test examined the functional upgrade the bank's liquidity. And in this article the prediction and prevention of banking risks through effective management of bank liquidity.*

*Кілт сөздер: өтімділік, стресс-тестинг, репо, лоро, VaR-есебі, баланс, талап етуге дейінгі есеп-шарттар.*

Қазіргі уақытта коммерциялық банктерге ауқымды ақпараттар ағымын минут сайын өндеуге тұра келеді. Ақпараттар тек клиенттердің тапсырыстары мен өтімділігіне ғана байланысты емес, оған валюта курсдарының күннен күнге тұра болжауының күрделенген өзгермелілігін жатқызуға болады. Соңдықтан да мұндай жағдайда қандай банк болсын өзінің қаржылық жағдайын объективті бағалап және нақты түрде бакылау жүргізу қажет. Коммерциялық банктердің өтімділігін басқаруда менишікті қаражаттар (капитал) мен тартылған қаражаттарды (міндеттемелер) басқару, өсіресе, әр түрлі активті операциялар жүргізген кезде оларды бөлу күрделі өзара байланысты процесс болып табылады. Банк өтімділігін басқарудың мақсатына – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бекітілген шектеулерді орындау және де банк басшылығымен бекітілген қосымша ішкі шектеулерді орындау, оны сенімділікке,

каржылық тұрақтылыққа және табыстылыққа жеткізуі болып табылады.

Функцияларды жүйелендіру көптеген зерттеулерде өзін жарыққа шығарады. Мұнда банк өтімділігін орындайтын негізгі функциялар белгіленген:

1. банктің абырой-атағын сақтап тұру;

Бірінші функция – банктің нарыққа сенімді контрагент екенін, яғни өзінің міндеттемелері бойынша жауап бере алатынын көрсете алу қабілеті. Нарықтық және клиенттердің сенімділігі – бұл банк қызметінің табысты басымдылықтарының бірі болып саналады. Тұрақты қаржылық сипаты (өтімділік, пайданың тұрақтылығы мен капитал адекваттылығы) және сапалы ақпараттар сенімділік дәрежесін анықтаушылар ретінде болады. Тұрақты банк нарықта өтімді деген атакка иеленеді.

2. Несиеге деген сұранысты қанағаттандыру;

Екінші функция – бұл тек несиеге деген сұранысты қанағаттандыру ғана емес, сонымен катар ұзакмерзімді перспективаға бағытталған банктердің клиенттермен өзара қарым-қатынас жасау банк үшін өмірлік маңызды рөлге иеленеді. Өйткені клиент – бұл «банк өнімдерін тұтынушы», соған орай банктің табыс әкелетін кайнар көзі екенін көруге болады, сондықтан да әрбір банк клиент үшін «күреседі» және әртүрлі қаржылық қызметтер көрсетіп, өздерін өтімділікпен қамтамасыз етуге дайын.

3. Активтерді сатуда табыссыздықтан сақтау;

Банк өз әрекетінде өтімділікке тәуекел туғызатын көптеген жағдайларға тап болады. Банк тек сыртқы факторлардың өзгерістеріне ғана емес, сонымен катар ішкі факторлардың да өзгерістеріне әрқашан дайын болуы керек. Өтімділікті тиімді басқару банкке активтерді қаржат алу үшін сатқан кезде табыссыздықтан сактануға мүмкіндік береді. Бірақ банк өтімділігін басқару – бұл әр кезде болатын өтімділік пен табыстылық арасындағы дилемма екенін білеміз. Өтімділік талаптарын күнделікті қанағаттандыру үшін банктер активтердің кейбір мөлшерін қолма-қол ақша түрінде ұстая керек немесе қолма-қол ақшага тенестірілген қаржат түрінде. Мұндай активтер банк табысын төмендетеді, өйткені олар табыссыз немесе төмен табысты болып келеді. Соған орай банктер мұндай активтерді минимумға түсіреді, бірақ қолма-қол ақшага операциондық тұтынушылықты қанағаттандырығысы келеді.

4. Тартылған банк қаржаттарын төлемеу тәуекеліне сыйакы мөлшерін шектеу;

Банкке қаржаттарды өтімді формада ұстая керек. Мұндай активтер жоғалту тәуекелі аз немесе жоқ және де онай және тез қолма-қол ақшага айналады.

Егер де банкке өтімділік жетіспессе, онда келесілерді тартуға мәжбур болды: депозиттерді, банкаралық нарықтан карыздар алу «крепо» операциясын пайдалану. Бірақ оларды тартудың бағасы әрқашан тиімді бола бермейді.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін пайдалану арқылы қарыз алушылықты болдырмай.

Бесінші функциясы қаншалықты жиі және интенсивті түрде банк соңғы инвестициядағы кредиторды пайдалануымен байланысты. Өте жиі қарыз алу аркасында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк тарапынан бақылаулар күшіне бастайды.

Банк өтімділігін тиімсіз басқару мәселесін табысты шешу үшін міндетті түрде банк мөлшерін, активтер мен пассивтерді басқару сапасын, тәуекелдерді, және қызметкерлердің профессионалдығын ескеруіміз қажет, яғни оның ішкі құрылымын басқару қабілеті мен сапасын ескеру.

Өтімділікті басқарудың әр түрлі стратегиялары бар. Солардың біріне активтерді басқаруды жатқызуға болады. Ол - өтімді қаржаттардың өтімді актив түрінде жинақталуы. Халықаралық тәжірибеде активтердің ең өтімді бөлігіне қолма-қол касса жатады. Бұл жерде тек кассадағы ақша ғана емес, сонымен бірге Орталық банктегі ағымдағы шотта жатқан ақша қаржаттарды жатқызуға болады. Дамыған елдерде өтімді баптарға: бірінші сыныпты қыска мерзімді вексельдер, мемлекет сенімгерлік жасаған бағалы қағаздар. Ұзакмерзімді бағалы қағаздарға салған банк

инвестициялардың өтімділігі тәмен болып келеді. Өйткені оларды іске асыру қысқа мерзімде мүмкін болмайды. Ұзак мерзімді несиeler және жылжымайтын мүлікке салған салымдар – өтімділігі тәмен активтер болып саналады. Банк өтімділігі жекелей активті операциялардың тәуекел дәрежесіне байланысты: егер банк балансында жоғары тәуекелді активтер үлесі көп болса, онда оның өтімділігі тәмен болады.

Мұндай тәжірибеде сенімді активтерге қолма-қол ақшалай қаражаттарды жатқызысада, ал жоғары тәуекелді активтерге – банктің ұзак мерзімді салымы жатады. Егер өтімді қаражаттарға деген тұтынушылық пайда болса, онда тандаулы активтерді сату қолма-қол қаражаттарға деген сұранысты қанағаттандырмаса жалғасады.

Пассивті басқаруда тез өтетін қаражаттарға қарыз алуды ұсынады. Оның мелшері өтімді қаражаттарға деген барлық күтілетін сұранысты жабу үшін жеткілікті болуы керек. Қарыз алуға жүргінуі мүмкін: активтерде іске аспаған қаражаттардың көлемінің аса көп мелшерде жиналуын болдырмас үшін. Бұл әдіс өтімділік мәселесін шешу анағұрлым тәуекелді болып келеді, өйткені несиеге қолжетімділік пен ақша нарығындағы сыйақы пайыздарының өзгермелігін болады [1].

Сонымен банк өтімділігі бұл өзінің міндеттемелеріне банк толық көлемде жауап беру қабілеті ғана емес, сонымен бірге бәсекеге қабілетті болу және тартымды банк атағына ие болу.

Әрбір банк өтімділікті басқаруда өзінің әдісін таңдайды, өтімділік тәуекелін шешу жолдарына байланысты әр түрлі сценарийлерді өндейді, бірақ ол банктердің мақсаты біреу ғана – максималды табыс табу.

Өтімділікті реттеудің маңызды мәні болып мақсатты бағытталған тәуекелдерді басқару саясатын жатқызамыз. Белгілі болғандай, коммерциялық банктердің негізгі мақсаты – бұл максималды пайда табу екенін білсекте, оның әрекеттерінде белгілі бір тәуекелдер болады. Банктің күнделікті өзінің әрекетінде екі негізгі өтімділік мәселесі туындаиды:

- өзінің міндеттемелерін қанағаттандыру үшін қаржы қаражаттарының жетіспеушілігі;
- артық өтімділік.

Өтімділіктің тәуекел мәселелеріне қаржылық қаражаттардың жетіспеушілігі келесідей жағдайлардан тууы мүмкін: қаражаттарды активтерге орналастырудан туындаитын ақша қаражаттарының ағылыш кетілуі, клиенттер мен контрагенттер банктен міндеттемелердің талап етілуі, және де менеджерлердің банк өтімділігін тиімсіз басқаруы.

Менеджерлердің өтімділікті тиімсіз басқаруы өтімділік бойынша ауыр жағдайларға ұшырауы мүмкін. Бұл өтімділіктің оперативсіз мониторингінен және ірі келісім шарттар бойынша акпараттардың уақытылы ұсынылмауынан болуы мүмкін, өйткені күн сонына дейін біткен ірі келісімшарттар өтімділік денгейіне лезде өсер етуі мүмкін.

Бұл өтімділік мәселесінің тәуекелін шешу үшін банк ақша қаражаттарын тартуда өзінің моделі болады. Бірақ банк ақша қаражаттарын тарту кезінде оларды тәмендеу пайыз мелшерінде табуы қыындау келеді. Яғни ол жоғары пайыз түрінде ақша қаражаттарын тарту арқылы ағымдағы қажеттілігін қанағаттандырады да өзінің шығындарын ұлғайтады. Егер банк бір күн ішінде өзінің міндеттемелерін орында маса онда ол өзінің клиенттерінің сенімін жоғалту тәуекелі өседі. Ал клиенттердің сенімі – банктің табысты қызметіне және жарқырап гүлденуіне кепіл болады.

Өтімділікті тиімсіз басқару мәселелерінің біріне өтімділіктің артықшылығын жатқызамыз. Өтімділіктің артықшылығының нәтижесі – бұл жоғары өтімді активтерге қаражаттардың салымы, ал бұл аз табыстылықты қамтамасыз етеді.

Сондықтан да өтімділікті басқару бойынша банк өз алдына қоятын ең маңызды міндеттемелерінің бірі – өтімділіктің сәйкес денгейде ұстап тұру міндеті. Бұл дегеніміз

өзінің міндеттемелерін қанағаттандыру үшін акша қаражаттарын жеткілікті түрде ұстау, және олар анағұрлым қажет болған жағдайдағы кезенде тиімді бағада акша қаражаттарын тарту.

Темендең 1-ші кестеден көріп отырғанымыздай, бағалық тәуекел банктің жағымсыз коммерциялық әрекеттері бағаның өзгеруіне байланысты өтімсіз тәуекелді құрады. Мұнда баға өзгерген кезде активтердің сатылуы немесе пассивтердің тартылуы мүмкін деген түсінікте болады [2].

#### Кесте 1

Өтімсіздік тәуекелінің негізгі құраушылары.

<b>Актив балансы</b>	<b>Пассив балансы</b>
Сандық тәуекел	
Активтердің фактілі түрде қолма-қол түрде бар ма	Қаражаттар алуға мүмкіндіктер бар ма
Активтердің тәуекелін басқару – активтерді төменгі бағада жүзеге асырғанда жоғалту мүмкіндігі немесе сатуға арналған активтердің болмауы	Пассивтердің тәуекелін басқару – тым жоғары бағада қаражаттарды алудың потенциалды тәуекелі немесе қаражаттарға қол жетпеушілік
Бағалық тәуекел	
Бағаның жағымсыз өзгеруінде активтердің сатылуы мүмкін тәуекелі: – активтердің номиналы бойынша немесе женілдіксіз сатылуының мүмкін болуы;  – активтерді алған кезеңіне қатысты пайыздық сыйақылардың өзгеруі.	Тартылуы мүмкін пассивтерге пайыздық сыйақының өсуі: – қайтақаржыландырудың сыйақы мөлшерлемесінін өсуі; – кредиторға және нақты жағдайды несиелендіруде тәуекелдің үлғаюына байланысты банкаралық пайыздың өсуі; – занды және жеке тұлғалардан тартылған қаражаттар үшін теленетін сыйақы пайызын өсіру. Сол арқылы қаражаттар ағымының белсенділігін ынталандырады.

Ескерту – кестенің қайнар көзі: Левина Ю.Б. Риск нелеквидности банка. // Дайджест финансы, №5 (77), 2009 – 18 б

Бұл құраушылар тәуекелді басқару саясатының негізін құрастыруыш базасы болып табылады. Бұл саясаттың әдістемесіне талдауды АҚ «АТФ Банк»-те өндөліп жүргізілген. Мұнда мәселенің терендігіне байланысты өтімділікті басқару саясатын құрудың сценарлық бағыттары анықталған.

Бұл саясаттың негізгі қағидаларына келесілер жатады:

- банк бизнесіне нарықтық тәуекелдердің әсерін минимизациялау;
- банкпен алынған кезеңдерде нарықтық тәуекелдер жағдайына мониторинг жүргізу;
- банктік тәуекелдерді басқару механизмі мен процедураларын қолдануды үзбеу;
- тәуекел деңгейіне байланысты маңызды өзгертулерді тудыратын банктік операциялар мен тағы басқа істерді жасауға жол бермеу;
- белгілі бір ағымдағы уақытта банктік тәуекелдерді басқару механизмдері мен процедураларын әрдайым қолдану;
- бизнес түріне, банк нарығының конъюнктурасына, тәуекел мөлшеріне және клиенттердің және Банк серіктестерінің өзара қарым-қатынастарының деңгейлеріне байланысты операцияларды диверсификациялау;

- жүргізілетін операцияларды (келісім-шарт) және белгілі бір шешім қабылдаудың уәкілеттілігін лимиттеу;
- банктік тәуекелдерді басқару механизмін және процедураларын жетілдіру;
- стресс-тестілеуді қолдану;
- белгілі бір тәуекел мәлшері мен табыстылықта сәйкес операциялар жағдайының арасындағы қарама-қайшылықтарды болдырмау;
- қадағалау ұйымдарының нормативті іс-күжаттарын, талаптарын және істе жүрген заннамаларды міндettі турде орындау.

Соған орай тәуекелдер келесідей жіктеледі:

- валюталық тәуекел – банктер өзінің қызметтерін жүзеге асыратын шетел валюталық курсының өзгерісімен байланысты пайда болатын шығындар.
- пайыздық тәуекел – барлық құрылымдарының сыйақы мәлшерлемелерінің өзгерісімен байланысты болатын шығындар тәуекелі.
- бағалық тәуекел – қаржы құралдарының коржын құнының өзгеруінің арқасында болатын тәуекел шығындары. Тәуекел шығындар қаржы құралдарының құнына әсер ететін қаржы нарығындағы жағдайың өзгеруінен туындаиды.

Өндөу жасалған АҚ «АТФ Банк»-тегі тәуекелдерді басқару саясатының туындаитын қайнар көздеріне нақты турде анықтау жүргізілген.

Қайнар көздер үш топқа бөлінген:

1. Валюталық тәуекелдің туындауының қайнар көздері:
  - сыйақы мәлшерлемелері;
  - ағымдағы сауда балансының жағдайы;
  - инфляция деңгейі;
  - экономикалық жағдайлар және сәйкесінше саяси жағдайлар;
  - мемлекеттік реттеулер;
  - ағымдағы нарықтық жағдай;
2. Пайыздық тәуекелдің туындауының қайнар көздері:
  - тұрақты пайыз мәлшерлемелерінің өнімді төлеу мерзімімен сәйкес келмеуі;
  - активтер, міндеттемелер және баланстан тыс баптар бойынша, ауытқымалы пайыз мәлшерлемелерінің өзгерістері;
  - пайыздық мәлшерлемелердің өзгеруіне байланысты табыстың кисық сзыбыты өзгерісі;
  - инфляцияның ағымдағы және күтілетін деңгейлері;
  - айналымдағы жүрген ақша массасының өзгерісі;
  - мемлекеттік бюджеттің дефициті;
  - қарыз капиталына сұраныс;
  - экономикалық белсенділіктің деңгейі;
  - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің есептік мәлшерлемелері.
3. Бағалық тәуекелдің туындауының қайнар көзіне төрт маңызды экономикалық нарықта бағалардың тербелістері:
  - пайыздық мәлшерлемелердің өзгерісіне қарыздық бағалы қағаздар нарығының сезімталдығы;
  - пайыздық мәлшерлемелердің өзгерісне акция нарығының сезімталдығы;
  - валюталық нарық;
  - тауарлық нарық.

АҚ «АТФ Банк» әдістемесіндегі «стресс-тестинг» белімінде келесілер белгіленген:

1. Стресс-тестинг мақсаты – экстремалды жағдайларда, ауыр болжанатын және күтпеген шығындар мен кірістер жағдайында қоржынның тұрақталығын бағалау.

2. Стресс-тестілеуде қолданылатын құралдардың негізгі қағидалары:
    - Олардың әрдайым қолданылуы;
    - Банк жағдайларына күйзелістік әсер етуі мүмкін барлық сценарийлерді қарастыру.
  3. Стрес-тестілеуді жүргізгенде активтер қоржыны толығымен ескеріледі.
  4. Стресс-тестілеу өткен уақыттағы құбылыстарды талдау негізінде жүргізіледі. Тарихи сценарийлермен қатар болжамдық сценарийлер де жасалады. Ол потенциалды шығындар мен максималды мүмкін болар тәуекелдерге мінездеме береді.
  5. Стресс-тестілеу тенгенің девальвациясын немесе ревальвациясын болжау мақсатында валюта курстарына, мұнайға баға өзгерістерінің әсерін талдауды қосады.
  6. Комплекті стресс-тестілеуді жүргізу Банктің тәуекел-менеджмент Департаменті жүргізеді.
  7. Стресс-тестинг параметрлерін жаңартулар (актуализациялау) нарықық және жалпы экономикалық конъюнктураның, және тәуекел профилінің өзгеруімен байланысты жүзеге асырылады.
  8. Стресс-тестілеуді жүргізу кезеңі алты айда бір рет болады.
  9. Стресс-тестілеу нәтижелері Банк Басшылығы мен Директорлар кеңесіне алты айда бір рет жүргізіледі [3].
- Қазіргі заман жағдайында стресс-тестілеу көп мөлшерде өтімділікті басқаруды функционалдық жаңартты. Ол банк өтімділігінің даму жағдайында нашар деген варианттарын уақытылы анықтауға мүмкіндік береді. Сол уақытта жүргізілген стресс-тест нәтижелерінен банктің несиелік ресурстарының артықшылығымен байланысты керісінше жағдайларды да көрсетуі мүмкін. Мұндай жағдайда банк оларды орналастыруды перспективалы нәтижелігін бағалайды. Бірақ өтімділік жағдайының бірнеше варианттары болуы мүмкін деген пікірді Е.В.Самайлов айтады. Онда мақсатты түрде «сценарлық» бағыттардың келесідей варианттарын қарастырайық:
1. «Күтпеген жерден» банк клиенттеріне үлken мөлшерде несиелік ресурстарды беру. Бұл жерде ең алдымен банктің құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара қарым-қатынастардың жетіспеушілік мәселесі тұр. Яғни бөлімшелердің өз қызметерін ешкіммен келіспей іске асыруы.
  2. «Лоро» есеп-шоттарының тәуекелі. 90%-дан жоғары өзінің қолданылатын банк-респонденттерінің «лоро» шоттарына қорытынды жасау.
  3. Ағымдағы күнде төленеді деген банк сеніміне орай клиенттің үлken көлемдегі несиенің төленбей қалу мүмкіндігі.
  4. Құнделікті жағдаймен салыстырғанда клиенттердің есеп-шоттарына түсімдердің 40-60%-ға тәмендеуі.
  5. Iрі клиенттердің (төрт-бес клиент) шоттарындағы қаражаттардың толық алынуы.
  6. Есеп-шоттары ашылған компаниялар мен халықтың алдында банктің абырой атағының тұсу тәуекелі. Бұл сценарийде үлken қаражаттардың кетуі болады: халықтың 15%-дан астам депозиттері алынуы мүмкін, ал занды тұлғалардың 50%-дан астам шоттағы қаражаттарын басқа банктерге ауыстыруы мүмкін. Басында бұл банктің өтімділік жағдайы тұракты және Орталық банктің нормативті талаптарын өте жаксы орындайтын. Бірақ банк «жалған» ақпараттық компаниялардың құрбаны болды[4].
- Жоғарыда келтірілген сценарийлер қандай да болмасын несиелік үйымдарда болуы мүмкін өтімділік жағдайының бір бөлігіне ғана көрініс береді.
- Банк өтімділігі туралы жағдайға нақты баға беру үшін бірнеше сценарийлерді біріктіретін жағдайды модельдеу қажет.
- Бір жағынан қарасақ, жоғарыда көрсетілген сценарийлерді жекелей қолдану банк басқармасына маңызды ақпараттар береді.
- Негізінде мынадай негізгі төрт сценарийді қарастырған жөн:

- жағымды;
- бір қалышты;
- жағымсыз;
- стресс-сценарий [5].

Төлем позициясының есебі әр сценарийде жүзеге асырылуы керек.

**Жағымды сценарий:**

- бағалы қағаздар коржының өтімділігін ескере отырып жүзеге асырылатын есеп;
- VaR-есебінде «талап етуге дейінгі» есеп-шоттардың қалдықтарын максималды түрде төмендету жүзеге асырылады;
- БАН мөлшерлемесі 5% төмен болуы мүмкін ұсыныстар.

**Бірқалышты сценарий:**

- VaR-есебінде «талап етуге дейінгі» есеп-шоттардың қалдықтарын максималды түрде төмендету;
- бағалы қағаздар портфелінің өтімділігі ескерілген есебі;
- шоттарының қалдықтарын максималды БАН мөлшерлемелері – 6-дан 10%-ға дейін.

**Жағымсыз сценарий:**

- Shortfall әдістемесінің есебі бойынша “талап етуге дейінгі” есеп-шоттарының қалдықтарын максималды түрде төмендету (квантиль сенімділігі – 99,9%);
- бағалы қағаздар портфелінің өтімділігі ескерілген есебі (бағалы қағаздар коржының өтімділігі ескерілмеген жағдайда - өтімді қағаздар мерзімі 30-дан 45 күнге дейін);
- БАН мөлшерлемелері – 11-ден 20%-ға дейін.

**Стресс-сценарий:**

- БАН берген телемдерді төлеу мерзімі 31-90 күнге жылжытылады (бұл жағдайда қарыз алушы банктерде үлкен кындықтар туындаиды);
- жеке тұлғалардың мерзімді депозиттерінің 50%-ы 8-30 күн мерзімге ауыстырылады (бір ай ішінде депозиттердің жартысы шоттан алынады);
- БАН мөлшерлемелері – 21-70%.

Корытынды есептеуде әрбір сценарий өтімділік алшактығын ескереді (бос ақша қаражаттарының жетіспеушілігі), ол өз кезегінде БАН максималды мөлшерлемесіне көбейтіледі. Бұдан өтімділік алшактығын каржыландыру күны шығады.

Өтімділікті басқарудың басымды бағыттарына – барлық варианттарын, тіпті төтенше жағдайларды ескере отырып қазіргі нормативті - әдістемелік база негізінде ақша ағымдарын реттеу саясатын мақсатты түрде жүзеге асыру және өндөу болып табылады. Мұның бәрі банк өтімділігін басқару әдісін жетілдіру шенберінде банк құрылымының сәйкес менеджмент деңгейін талап етеді.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. И.Д. Мамонова «Ликвидность коммерческого банка», COPYRIGHT 2006 © Элитариум — Центр дистанционного образования ([www.elitarium.ru](http://www.elitarium.ru)), 16 тамыз 2006;
2. Левина Ю.Б. Риск нелеквидности банка. // Дайджест финансы, №5 (77), 2009 – 18-22 бб;
3. Политика управления рыночными рисками АО «АТФБанк»; -Алматы-2006ж;
4. Самойлов Е.В. Подход к стресс-тестированию платежной позиции банка/Управление и кредитные организации – 2006, №1 (29) – 31-35 бб;
5. Бухтин М.А. Технологии сценарного управления ликвидностью в коммерческом банке. [www.Boultin@softc.ru](mailto:www.Boultin@softc.ru);

ӘОЖ 338. 436.33 (574)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНИНДЕГІ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ ТЕРЕНДЕУІ**

**Бейсенбаев Ж.Т. – ә.ғ.к., аға оқытушы**

*Beisenbaev\_11@mail.ru*

*әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ.*

Елдер арасында берік өндірістік ынтымақтастық байланыстар құру, халықаралық сауда мен АӨК дамуы жолындағы көптеген кедергілерді жою, әрине интеграциялық процестердің дамуына байланысты. Мұны тек мемлекетаралық интеграциялық бірігулер шеңберінде ғана жүзеге асыруға болады. Мақалада агроөнеркәсіптік интеграция - қазіргі жаңандану жағдайындағы экономикалық интеграцияның жаңа бағыты ретінде қарастырылады.

Безусловно, развитие интеграционных процессов является результатом необходимости разрешения барьеров, возникающих в ходе международного сотрудничества, мировой торговли и развитие АПК. Эти проблемы могут быть разрешены в рамках межгосударственной интеграции. В статье рассматривается агропромышленная интеграция - как новое направление сотрудничества в условиях глобальной экономики.

*Undoubtedly, the development of integration processes is the result of necessity of barrier solution that arises in the context of international cooperation and world trade. These problems can be solved in the context of interstate integration. Eurasian-Asian economic society as a new direction of cooperation in the context of global economics is considered in this article.*

Түйінді сөздер: экономикалық интеграция, агроөнеркәсіптік кешен, агроөнеркәсіптік интеграция, аймақтық интеграция, ТМД мемлекеттері, кедендей одақ

XXI ғасырдың басында жаңандану жаңа заманың көрінісі ретінде терендеғен экономикалық, саяси тәуелсіздікпен және мемлекеттердің бір - біріне ықпалымен, шекара тартылғанымен, халықаралық интеграцияның кеңеюімен, аймақтық интеграциялық бірлестіктерді көрумен, өзара іс әрекеттерге жаңарынтық механизмдерді қосумен және осы үдерістерге әлемдік масштабтағы құралдарды қолданумен сипатталады.

Қазірде ТМД өзінің ұлттық экономикаларының интеграциялану дәрежесі бойынша, сондай-ақ жалпы үрдіс бойынша басқа әлемдік топтардан әлде қайда артта келеді. Бірқатар негізгі көрсеткіштері бойынша ТМД Еуропалық одақ, НАФТА, Азия Тынық мұхиттық экономикалық ынтымақтастық үйімі (АТЭК) соңында келеді.

Агроөнеркәсіптік интеграция дамыған нарықтық экономиканың сипатты белгісі болып табылады. Агроөнеркәсіптік интеграция ретінде техникалық прогрестің ауыл шаруашылығының дамуына әсер ету үдерісі түсініледі. Ол өнеркәсіптік өндірістің ауыл шаруашылығымен үйімдік-техникалық интеграция нысанында көрінеді және меншіктің әртүрлі типтерін қолдану арқылы шаруашылық жүргізуін барынша тиімді әдіс-тәсілдерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Агроөнеркәсіптік интеграцияның сипатты белгілері болып:

- ауыл шаруашылығы ресурстарының өнеркәсіптік және құрылым, яғни инвестициялық үдерістермен байланысы;
- дайын өнім өндіруде аграрлық және индустриалдық технологиялардың бірігуі және өзара әрекет етуі;
- нарықтық жағдайдағы агроөнеркәсіптік фирмаларды құру және олардың шаруашылық жүргізуіндің нарықтық механизмдеріне бейімделуі;
- аграрлық, өнеркәсіптік, транспорттық, құрылым, және коммерциялық фирмалардың салааралық қажеттіліктеріне жауап беретін нарықтық инфрақұрылымның дамуы табылады.

Ауыл шаруашылығы секторының дамытудағы бірінші мәселе – агроөндірістік кешенінің (АӨК) ТМД елдері бойынша интеграциясы. Қазіргі уақытта дезинтеграцияның және бұрынғы экономикалық байланыстардың әлсіздігінен ауылшаруашылық секторының материалды – техникалық базасы тапшылық кешуде. Техника тез тозады, ал фермерлерді жана нарық шартына сай техникамен қамтамасыз ету үлкен проблема болып табылады. Сонымен катар, ТМД мемлекеттерінің басқа да елдерін жана және ең жана техникамен ауылшаруашалық секторын қамтамасыздандыру да өзекті мәселе. Жекелеп айтқанда, Қазақстан Белоруссияның техникалық – құрылымсымен, Ресейдің комбайн зауыттарымен, Украина және де басқа шетелдермен өндірістік қарым-қатынаста болып отыр[1].

Агроөнеркәсіптік бірлестіктер, салааралық бірлестіктер салааралық байланыстардың тегерішіне әсер ететін агроөнеркәсіптік интеграцияның бір тәсілі ретінде көрінеді. Агроөнеркәсіп бірлестіктерінің дамуын салааралық өндірістік тенденсу мен мамандану, сондай-ақ шаруашылық және салааралық байланыстардың экономикалық тетіктері және интеграцияның ұйымдық тәсілдерінің барлық жүйесінің деңгейі анықтайды. Сондықтан да, дамыған елдердегі агроөнеркәсіп кешені өндірістік жүйесінің тенденсу процесінің барлық аспектілері мен тәсілдерін бағалау ғана олардың орны мен агроөнеркәсіп бірлестіктерінің ынталандыруын, сондай-ақ оның дамуы мен кеңінен жайылуын шектейтін себептерді анықтауға мүмкіндік береді.

Агроөнеркәсіп бірлестіктерінің дамуы, бір жағынан өнеркәсіп-сауда фирмаларының ауыл шаруашылығы өндірісіне енуімен, екінші жағынан ірі фермерлік капиталдың агроөнеркәсіп кешенінің ауыл шаруашылығы емес салаларына кірігімен негізделеді. Агроөнеркәсіп бірлестігін құру агроөнеркәсіп кешенінің өндірістік жүйесіне енетін шаруашылық бірліктерін диверсификациялау процесінің элементі болып табылады. Өндірістік-сауда немесе фермерлік капитал бақылайтын агроөнеркәсіптік бірлестіктердің арасындағы айырмашылық әлеуметтік табиғатының ұйымдық тәсілінің, басқару әдісінің, құрылымдардың масштабы мен салаларының ортақтығына байланысты өте аз. Сонымен катар фермерлік капитал арқылы құрылған агроөнеркәсіптік бірлестіктердің бірқатар ұйымдық өрекшеліктері бар.

Дамыған елдердегі (АҚШ, Батыс Еуропа) агроөнеркәсіптік бірлестіктердің әр түрлі тәсілдеріне талдау жасау оларды ұйымдастыру мен жұмыс істеуінің бірқатар ортақ принциптерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Олар:

1) Келісім-шарттық байланыстар негізінде агроөнеркәсіптік бірлестіктер ұйымдастыру кең тараған тәсіл болып табылады. Белгілі бір дәрежеде тұрақты тікелей байланыстарды пайдаланатын, өз бойына келісім қатынастарының белгілерін жинақтайдын шаруашылық аралық кешендер де осыған жақын келеді.

2) Агроөнеркәсіптік бірлестіктер барынша құрделі диверсификацияланған шаруашылық бірлестіктері – корпорациялардың, ірі фермерлік кооперативтік ассоциациялардың бөлімшесі, құрамдас буыны болып табылады. Мұндай бірлестіктерді диверсификациялау бағаның және қолда бар ресурстар мен негізгі өндірістің қалдықтарын барынша толық пайдалануға байланысты тәуекел етудің деңгейін төмөндөтуді қамтамасыз етеді.

3) АгроОнеркәсіптік интеграцияның үйымдық құрылымында өндірістік немесе технологиялық белгісі бойынша құрылған салалық агроОнеркәсіптік бірлестіктердің үлес салмағы көп. Сонымен бірге кооператив шеңберінде түрлі сала бойынша мамандандырылған фермалар мен қасіпорындарды біріктіру жолымен құрылған аймақтық-өндірістік агроОнеркәсіптік бірлестіктері де бар [23, 33 б.].

АгроОнеркәсіптік бірлестіктеріне түкі өнімді шығарудың біртұтас технологиялық процесіндегі барлық буындардың техникалық жарактануының жоғары деңгейі, өндірістік инфрақұрылымның дамуы, сенімді ақпараттық қызмет көрсету, көп мелшерде сапалы өнім өндіруі тән.

АгроОнеркәсіптік интеграцияның үйымдық тәсілдерін дамыту дамыған елдерде өндірістік күштерді дамытудың қазіргі заманғы деңгейіне сәйкес басқарудың жана принциптері мен тәсілдерін – маркетингті, кешенділікті және жүйелілікті енгізумен ерекшеленеді. Маркетинг принципі өндірісті үйымдастырудың негізгі міндеті - өндірушінің тұтынушымен өзара тығыз байланысына қол жеткізілген жағдайда қолданылады. Маркетинг өнімді түпкілікті пайдаланудың фазасына бағдарланады, оның мақсаты - өнімді өндіруге, өндеуге және өткізуге кететін шығындар жиынтығын азайту.

Еліміздегі басты мәселе машина-техникалық станциялардың (МТС) құрылу мүмкіндігінің аздығы. Қазіргі кезеңдегі тағы бір тапшылық, ол – кадрлардың, яғни қәсіби мамандардың жетіспеуі. Осында тапшылықтар болғандықтан қасіпорындарда жарнама да жоқ. Өндірілген өнімнің бәсекеге қабілеттілігі тәмен. Шетелдік машиналармен салыстырған техникамыздың сапасы тәмен, екіншіден ТМД мемлекеттерімен салыстырғанда бағасы жоғары. Ал, біздің білуімізше тұтынушылар қымбат техниканы сатып алмайды. Мұдделі мемлекеттердің құшімен, экономикалық бірлестіктерді біріктіре отырып қана ауыл шаруашылығы мәселелерін шешуге болады. Интеграциялық құрылымның қалыптасуы үшін әрине инвестиациялық салымдар қажет. Осыған байланысты экономистердің бірлескен қаржылық ҚОР құру ұсынысына көніл аудару керек. Бұл қордың көзі интегралдаушы мемлекеттер боп келеді. Бұл мақсатта Банкаралық бірлестік және бакылаушы үйымдар қажет.

Мемлекетаралық интеграцияның қаржының және ақша қаражаттарының айналым жылдамдығына құрылымына байланысты. Интегралдаушы елдер арасында бағаның мемлекеттік механизмі мен масштабының қалыптасу шарттары болуы керек. Анықталған тауарлар мен қызметтер, әсіресе өндірілетін өнім мен шикізаттарға онтайлы баға белгілеу мәселесі өте маңызды. Әрине, ауыл шаруашылығы тек күрделі бағдарламалардың негізінде ғана сапалы әрі көлемді тауар өндіре алады. Сонымен, Қазақстанның АШК-ні ауыл шаруашылығының тек ішкі қажеттіліктерді қанағаттандырып қоймай, ТМД мемлекеттеріне экспорттай да алады. Бидай бизнесінің біршама пайда алып келсе де елімізде бұл өндірістің инвестициясы қалыптаспаған. Сонда да егін шаруашылығы шамамен тұрғындардың жартысына жуығын жұмыспен қамтамасыз етеді және инвестиацияны қажет етеді. Қазақстан республикасының ауыл шаруашылығы кешенін қалыптастыру әсерлі емес. Бұның себебі, мемлекеттер арасындағы интеграциялық катынастың болмауы және нарықтық жағдайда олардың арасында келіспеушіліктер мен тусінбеушіліктердің орын алуы. Экономикалық реформаларды республикамызда қалыптастыру кезінде ірі қателіктер кеткен, яғни меншік катынасы реформасы, инвестиациялық, несиелік-қаржылық және бағалық саясат, сонымен қатар АШК - ді басқару формалары толық қалыптаспаған.

АШК- ді дамыту үшін интеграциялаушы мемлекеттердің барынша үлесі болуы тиіс. Топырағының құнарлылығы арқылы, технологияларды пайдалану Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан облыстары егін шаруашылығын едәуір дамытты. Зерттеушілердің пайымдауынша аталған облыстардың топырағының құнарлылығы соңша, шаруашылық арқылы Сібір, Орал, Солтүстік ресейлік аудандарды экологиялық

таза өнімдермен қамтамасыз ете алады. Міндетті түрде каржы және сауда капиталын иеленген АШК интеграциялық кәсіпорыны керек. Алайда, көлбей құрылымды интеграцияланған орта құру үшін маманданған кадрлар немесе материалды экономикалық база жетіспейді. Дамытудың келесі өдісіне тауар өндірушілердің бірлестігі мен ассоциациялардың құрылуты және басқа да аудандық, республикалық деңгейде қалыптасқан құрылымдар жатады.

Экономикалық АШК интеграциясының қажетті факторына табиғатты мейлінше онтайлы пайдалану іс-әрекеті жатады. Ауыл шаруашылығы үшін маңызды құрал - топырақ. Шаруашылық үдерісінде соңғы жылдары байқалғандай топырактың құнарлығы азайып келеді, бұның себебі - су және жел эрозиясы байқалып, құрамында химиялық заттар бар шымтезекті пайдалану өсері болып отыр. Минералды шымтезектердің жүйесіз және бақылаусыз пайдалану топырактың деградациясына алып келеді, сонымен қатар қараширкітің де құнарсыздануы байкалады. Қазақстанда қараширкітің көлемі 15 млн.га-дан аспайды. Біздің пікірімізше, интеграцияланатын мемлекеттердің материалды-каржылық, ғылыми-өндірістік бірігуі экологиялық проблемаларды шешуге аса маңызды болып келеді. Агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық интеграцияның қажеттігі табиғатты пайдалы қолдану проблемасын шешуге көмектеседі.

Қазіргі уақытта экономикалық бірлескен мемлекеттер интегралдаушы бағдарламаларды және кешенді ауыл шаруашылығы бағдарламасын қалыптастырып біріге жұмыс жасап келеді [2]. Ауылшаруашылығының интеграциясы бағдарламасындағы басты бөлім – экспортты-импортты жүйені онтайландыру, ішкі экономикалық жүйені және халықаралық көлісімдерді дамыту. Мемлекеттік реттеулер халықаралық стандарттарға сай болуы керек және Бүкіләлемдік Сауда Ұйымының нормалары және ережелерімен анықталады. Экспортты-импортты саясаттың қалыптасуы интеграцияға катысушы мемлекеттер арасында тенденкті қалыптастырады. Айта кететептің жайт, ауылшаруашылығын интеграцияланушы ұйымдар ауылшаруашылық өнімдерді өндіруге, шикізаттың кей түрлерін өндеуге, және де көршілес елдегі өнім өндірудің жеке мәдениеті өнімдерді және мал шаруашылығы өнімдеріне маманданған. Мысалға, Қазақстаннаң онгустік облыстарында жүгеріні дәнді дақылдар мен сояның арасында өсіру экономикалық тиімді. Аталған облыстар сонымен қатар үйірлі жылқы және түйе өсіру шаруашылығына маманданған. Жаңа экономикалық негізде арнайы мамандандырылған мал шаруашылығын және қой шаруашылығын дамыту қолайлы болар еді.

Достастық елдерінде АШК-нің интеграциясын дамыту бағдарламалары занды түрде дамыған, баға, ұсныс және сұраныс, бәсекелестік зандары қабылданған жүйеде қалыптасқан және экономикадағы орны маңызды. Экономикалық интеграцияның иеліктерін пайдалана отырып, ТМД аумағы бойынша қофамдық ауыл шаруашылығын құру және ұлттық нарығын құру кәсіпорындардың күштерінің бірлесуі және мемлекеттер арасында шетелдерден импорт өндірісін дамыту қажет. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрбір мемлекет үшін ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бөлшегі болып қала береді[3].

Экономикалық дамудың өркениетті үлгісі орнықтылықты, соны қамтамасыз ететін жолдарды жаңғыртуды, сыртқы инвестицияның үнемі көбеюін талап етеді. Мұның өзі еліміздің экономикалық дамуының мүмкіндіктері мен перспективаларын ашып беріп отыр. Бұл үшін өнім мен тауар сапасын, олардың халықаралық бәсекелестіктігін қамтамасыз ететін озық технология, халықаралық интеграциялық іс-әрекет, халықаралық деңгейде қалыптасқан құқықтық негіз беріп стандарттық нормаларды үйлестіру қажет екені айқын көрінді. Көп векторлы қозғалыстың халықаралық экономикалық интеграцияға қосылуы, Қазақстандағы табиғи ресурстар технологиясы жоғары шетел компанияларымен бірлесе игеру, жаңа өндіріс саласын қалыптастыру, халық-

аралық стандартқа икемді академиялық орталықтарды үйымдастыру секілді шараларға ерекше мән берілуі қажет.

Әлемдік аграрлық нарықка интеграциялану, оның ішінде ДСҰ-на ену мәселесі, әр ел өзінің саяси, экономикалық, қоғамдық басымдықтарын есепке ала отырып, өз бетінше шешетін күрделі процесс болып табылады. Қазақстан үшін интеграция жолындаға ең маңызды проблема – экономикалық қауіпсіздік. Соңғы жылдардағы Қазақстанның АӨК дамуы оң нәтижелерді көрсетті, алайда сыртқы қауіптердің күшеюіне, ішкі тәуекелдердің сақталуына, әлемдік агро-азық-тұліктік нарығының дамуына қарай мемлекеттік қолдау шараларын онтайландыру, аграрлық өндірісте интеграция мен кооперация үдерістерін ынталандыру, оны табиғи-климаттық және әлеуметтік-экономикалық факторларға сәйкес диверсификациялау қажет.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Ж.Я. Аубакирова. Интерпретация в агропромышленном комплексе: перспективы развития // Вестник КазНУ, серия экономическая.-№2, 2009
2. Тулешова Г.Б. Жаңандану жағдайында агроенеркесіп кешенін дамытудың экономикалық ролі// КазНУ хабаршысы, экономика сериясы.-№4.-2012
3. Е.Винокуров, А.Либман Тренды региональной интеграции на постсоветском пространстве// Вопросы экономики №7.-2010

ӘОҚ 336.2

### **ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ-БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ АДАМ КАПИТАЛЫ**

**Блеутаева К. Б., ә.ғ.д., профессор**

*I. Жансұгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.  
Bleutaeva@mail.ru*

*Бұл мақалада жаңанданудың адамзат қызметінің барлық сфераларына тигізетін әсері қарастырылған..Оның күесі ретінде жоғарғы деңгейде өсіп отырган ақпаратты, тауарларды, капиталды, қызметті т.б. айтуда болады. Экономика ұдайы дамуда, жетілуде, оны дұрыс басқаратын бәсекеге қабілетті адам капиталының тиімділігін арттыру қажеттілік. Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, қаржылық, өндірістік, әлеуметтік құрылымдар дұрыс дамыған жағдайда экономиканың дамуы да тиімді болады.*

*В данной статье рассматривается влияние глобализации на все сферы человеческой деятельности, будь то политические, экономические, культурные или другие процессы. Свидетельством этому - все увеличивающиеся потоки информации, товаров, капиталов, услуг, приобретающих планетарный масштаб. Мир не стоит на месте, находясь в постоянном развитии и совершенствовании, и темпы роста мировых рынков зачастую значительно опережают темпы развития институтов, призванных управлять экономической и социальной сферами страны, обеспечивающими участие в процессе глобализации. Мировая практика показывает, что глобальной экономике адекватны те страны, институты которых эффективно встроены в мировые финансовые, производственные и социальные структуры.*

*Today, we can clearly see the impact of globalization to all spheres of human activity, whether political, economic, cultural, or other processes. Evidence of that is ever-increasing*

*flow of information, goods, capital, services, acquiring a planetary scale. The world is not static, it is in constant development and improvement, growth of world markets are often far ahead of the pace of development institutions which intended to manage the economic and social spheres of the country, providing participation in the globalization process. World practice shows that global economy are adequate to those countries whose institutions are effectively integrated into the world's financial, industrial and social structures.*

*Tірек сөздер: адам капиталы, ынталандыру, бәсекеге қабілеттілік, интеллектуалды еңбек, даму, экономиканың жетекші күші, білім, ғылым*

Биылғы Жолдаудың жылдағыдан ерекшелігі - мемлекетіміздің алдағы дамуын айқындайтын ұзак мерзімді Стратегияның ұсынылуы. 2050 жылдарға дейінгі кезенге арналған стратегиялық Жолдаудың мақсаты - жоспарланған жылдарға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру. Бұл бағдарламалық күжат терендігімен, міндеттердің койылуы мен оларды жүзеге асыру жолдарының нақтылығымен ерекшеленеді. Демек, Жолдаудың саяси, экономикалық маңызы зор.

Онда экономиканың жетекші күші кәсіпкерлікке жан-жақты қолдау көрсету, жана әлеуметтік үлгіні қалыптастыру, білім және кәсіби біліктілікті дамыту сынды міндеттер койылды. Оны жүзеге асыруда еліміздің мүмкіншілігі мол. Экономикалық, каржылық ресурстарымыз жеткілікті, әлем елдерінің ең озық университеттерінен дәріс алып, шетелдіктермен бәсекелесе алатындағы білімді, білікті мамандарымыздың шоғыры қалыптасты. Біздің еліміз үшін жаңа даму кезені басталды.

Болашақтың негізі - білім мен ғылымда. Осыған орай Жолдауда: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы кашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс істеу машиғын менгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ, балаларымыздың, жалпы, барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көніл бөлу қажет. Балаларымыз казіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды», - деп айта келіп, Нұрсұлтан Әбішұлы білім беру саласындағы төрт негізгі басымдылықты ашып баяндады. Ол - «Балапан» бағдарламасы, 2013 жыдан бастап халықаралық үлгідегі куәліктер беру арқылы инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамытуды қамтамасыз ету, жеке бизнестің, Үкіметтік емес және қайырымдық ұйымдарының, жеке адамдардың әлеуметтік жауапкершілігі білім беру саласында айрықша көрінуі, оқыту әдістемелерін жаңғырту және өнірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін дамыту [1].

Елбасы Жолдауында жастарға ерекше орын беріп отыр. Жас азаматтарға білім жағынан да, жұмыспен қамтамасыз ету тұрғысынан да түгелдей жағдай жасалуда. Себебі жастар -мемлекетті алға сүйрейтін күш.

Еліміз алдына ұлken міндет қойып отырса, оны жүзеге асыру бірінші кезекте жастардан талақ етілері хак.

Қазақстан Бүкіләлемдік экономикалық форумның Жаңандық бәсекелестікке қабілеттілік жөніндегі биылғы жылғы бағалауы бойынша әлемдегі ең дамыған елу елдің қатарына кіріп отыр. Бұл- Елбасының алға қойған стратегиялық мақсатының жүзеге аскандығын және Қазақстанның орныкты даму үстінде екендігін білдіреді. Бұл орайда жастарға артылып отырған міндет зор.

Бес жыл бұрын біздің ел осы рейтинг бойынша 67 орында тұрған болса, қазір осы жылдың ішінде 17- сатыға көтеріліп отыр. Бұл- ұлken жетістік. Қазақстан Бүкіләлемдік экономикалық форумның аталған рейтингісіне бірнеше жылдардан бері қатысып келеді.

Егер сол кездегі бізбен көршілес, одактас елдердің сол кездегі жағдайына назар

аударатын болсак, осыдан бес жыл бұрын Ресей - 63-ші орынды, Әзербайжан - 51 -ші орынды, Литва - 53-ші орынды, Түркия - 61-ші орынды, Латвия - 68-ші орынды, Украина - 82-ші орынды. Грузия - 90-шы орынды, Тәжікстан - 122-ші орынды, Қырғызстан 123-ші орынды еншілеген болып шығады. Ал енді осы елдердің казіргі жағдайына келетін болсак, Ресей бес жылдың ішінде бір саты төмен сырғып, енді 64-ші орынмен қанағаттанған. Әзербайжан 39-шы орынға кетерілген. Түркия 44-ші орынға табан тіреген. Эстония мен Латвия да алға басқан. Украина екі орынға төмен сырғыған. Қырғызстан 121 -ші орынды қанағат тұтқан. Грузия 72-ші орында. Тізімдегі осы жағдайлар Қазақстанның орнықты даму үстінде екендігін білдіреді. Осыдан бес жыл бұрынғыдан жағандық бәсекелестікке қабілеттілік жөніндегі жаңа тізімді Швейцария бастап келеді.

Ал өткен жылдың нәтижесіне назар аударсак, Қазақстан онда 51-ші орынға ие болып, біз мақсат еткен елуліктің табалдырығына табан тіреген болатын. Енді міне, елуліктің ішіне ендік. Мұнымен де тоқталып қалмасымыз анық. Өйткені, Елбасымыз Қазақстан дамуының 2050 жылға дейінгі стратегиялық максатын айқындаі отырып, енді 30 елдің қатарына кіру талабын алға қойып отыр. Демек, келешек көкжиегіндегі алға қойған мақсатымыз қазіргіден әлдеқайда биік [2].

Қоғам дамуының казіргі кезеңінде білім, ғылым, технология, экономика мен мәдениетті дамыту - ол елдегі адам капиталын дамытудың негізгі факторы және ел дамуының негізгі бағыты болмак. Оны әлемдегі ұлы реформалар мен дамыған және жақсы қарқынмен дамушы Шығыстың (Жапония, Онт. Корея, Малайзия, ҚХР т.б.) және Батыстың (Франция, Алмания, Англия т.б.) елдерінің дамуындағы жетістіктердің негізгі факторы екенін көреміз.

Мемлекеттің капиталы, бірінші, табиғи ресурстар (кен орындары); екінші, жылжитын және жылжымайтын мұлік (зауыттар, ғимараттар, автомобиль т.б.); үшінші, адам капиталынан тұрады.

Әлемдік банктің есебі бойынша, АҚШ-тағы ұлттық байлықтың ішінде барлық өндіріс қорының (ғимараттар мен жылжымайтын мұлік, машина мен құрал-жабдықтар) үлесі -19, табиғи ресурстар - 5, ал адам капиталы - 76%. Батыс Еуропадағы сондай көрсеткіштер - 23, 2 және 74; Ресейде - 10, 40 және 30%. Ал, біздің елдегі адам капиталының үлесі 10-12%. Сондықтан бізге «Қазақстан-2050» Стратегиясын іске асыру үшін адам капиталы үлесін 6 еседен астам өсіру міндеті тұр.

Адам капиталының 1% өсуі еңбек өнімділігін 3,81%-ға өсіретіндіктен, соңғы 20-25 жылда әлемдік экономика негізінен осы адам ресурсы есебінен да-муда. Әлемдік банктің 192 елде жүргізген зерттеулері өтпелі экономикалық елдері өсуінің тек 16% ғана физикалық капиталға (құрал-сайман, ғимараттар және өндіріс инфрақұрылымы), 20%-ы табиғи капитал, қалған 64%-ы әлеу меттік және адам капиталымен байланысты екенін дәлелдеді. Дамыған елдердегі жалпы ұлттық өнімнің 40 пайзызы тиімді білім жүйесін дамытудың қорытындысы.

БҰҰ-ның Даму бағдарламасының дерегі бойынша Еуропаның экономикасы дамыған елдеріндегі денсаулық пен білімге жұмсалатын каржы IЖӘ-нің 8,1% және 8,5%-ін құрайды. Еуропа елдеріндегі денсаулыққа бөлінетін орташа каржы АҚШ-пен (6,5%) шамалас 6,44%-ға тең. Әлемде денсаулыққа орташа 5,5% (Қазақстанда 2,5%) бөлінеді.

АҚШ, Жапония, Швейцариядағы жалпы капиталдың 75-80% адам капиталының үлесінде. Қазіргі кезде дамыған елдердегі экономикадағы белсенді азamatтардың 50%-ы, АҚШ тұрғындарының үштен екісі ой енбегімен айналысады.

Яғни адам капиталы - ол дамудың келесі жоғарғы сатысы, инновациялық экономика мен білім экономикасын қалыптастырып дамытатын негізгі фактор және ол мемлекеттің даму деңгейін айқындағын негізгі көрсеткіш. Инновациялық экономика - ол жоғары сапалы өмір, интеллект, білім, ғылым және жоғары сапалы адам капиталы.

Адам капиталы- ол қоғамдық өндірістегі адамның енбек өнімділігі мен өндіріс тиімділігін арттыру арқылы оның табысының есуіне әсер ететін, белгілі инвестицияның нәтижесінде қалыптасқан сол адамның денсаулығы, білімі, тәжірибесі және мүмкіндігі болып табылады. Яғни қазіргі экономикалық жүйеде адам капиталы үлттың бәсекелестік қабілетін қамтамасыз етуде маңызы зор дербес ресурс болып табылады.

Егер әлемде қабылданған белгілі бағалауды Қазақстанға пайдалансақ, онда адам капиталының 1-ден 3%-ға цейін өсуі ЕЖӨ-ні 1%-ға өсіретінін көреміз. 2012 жылғы Қазақстанның ЕЖӨ-сі 27,45 триллион теңгені (\$183 млрд.) құраса, онда адам капиталы 1%-ға өскенде ЕЖӨ-нің жылына өсуі  $27,45 \times 0,01 = 0,274$  триллион немесе 274 млрд. теңгені құрайды. Адам капиталын дамытып, осы бағдарламаны іске асыратын тиімді механизмді зерттең дайындағанда, оның экономикалық тиімділігі жылына жүздеген миллиард теңге болады. Қазақстанда адам капиталын қазіргі деңгейден 55-60%-ға өсіру көзделген. Қазіргі ЕЖӨ-нің деңгейімен адам капиталын сонша өсірсе, оның экономикалық тиімділігі жылына орташа 15 трлн. теңге болады. 90-шы жылдармен салыстырғанда, Қазақстанда ЕЖӨ-нің 22 есеге өскенін және осы есу динамикасының сақталатынын ескеріп, 7-8 жылда ЕЖӨ-нің екі еселенуіне кол жеткізгенде, алдағы 12-15 жылда адам капиталы дамуының экономикалық тиімділігі 62-65 триллион теңгені құрап, экспортқа бағытталған отандық жоғары технологиялық өнім 45-50%, іште пайдаланатын өнімнің үлесі 70%-ды құрамақ. Ал, импорттағы машина, құрал-сайман, технологияның үлесі 40-45%-ға азаяды [3].

Қазіргі таңда жаңанданудың адам қызметінің барлық салаларына, атап айтқанда, саяси, экономикалық, мәдени немесе басқа да үрдістерге ықпал етуі айқындалуда. Ғаламдық көлемдерге ие болып отырған ақпарат, тауарлар, капитал, қызмет көрсетулер ағымдары оған куә болуда. Үздіксіз даму мен жетілуде болып әлем бір орында тұрмайды, осыған орай нарықтардың даму қарқындары жаңандану үрдісіне қатысады қамтамасыз ететін елдің әлеуметтік және экономикалық салаларын басқаратын институттардың даму қарқындарынан әлде қайда алдыда. Әлемдік тәжірибе айқындағанындей, жаңанданған экономика әлемдік қаржылық, өндірістік және әлеуметтік құрылымдарға тиімді енгізілген институттары бар елдерге тән болады [4 ].

Әлем елдері экономикасының жағдайы жинақталған адам капиталы мен оны тиімді пайдаланудың байланысының бар екенін көрсетті. Экономика негұрлым тиімді болса, соғұрлым ел халқының өмір сүру деңгейі жоғары. Негұрлым жан басына шаққандағы табыс жоғары болған сайын, соғұрлым қоғамдағы білім деңгейі жоғары және керісінше, адамның ой өрісі жоғары болған сайын, оның табысы артады. Адамның денсаулығына қатысты пайымдаулар да осыған ұқсас болады. Логика бойынша, жоғары бәсекеге қабілеттілік қарқынды экономикалық өсіді қамтамасыз ете отырып, халықтың өмір сүруінің жоғары деңгейі мен сапасына ықпал етеді. Басқа жағынан алып қарағанда, әл-ауқаттылықтың жоғары деңгейіне адамдардың білімі мен қабілеттіліктерін толық пайдалануға негізделген жаңа экономиканың қалыптасу жағдайында, бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторлары болатын мәдениеттің, жалпы білім беру және кәсіби дайындық, жақсы денсаулықтың жоғары деңгейі сәйкес келеді. Сонымен катар, ауқаттылықтың есуі жоғары сапалы тауарларға сұранысты арттыра отырып экономиканың және бәсеке қабілеттілігінің дамуының қозғаушы күші рөлін атқарады. Қорыта келгенде, халықтың өмір сүру сапасын (мысалы, тұрмыс, көлік, телекоммуникация, денсаулық сактау жағдайларын жаксарту) арттыруға бағытталған шаралар, халықтың өмірін жаксарта отырып, косымша салалардың жаңғыруына ықпал етіп, халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етеді [5].

Жоғарыда көрсетілген фактілер зерттеу бағытының өзектілігі мен жаңалығын анықтайды.

Қорыта айтканда, Президентіміздің зор үмітін актап, мемлекетіміздің мактан тұтатын, Қазақстанның болашағы, бәсекеге қабілетті азаматтарын даярлауда,

стратегиялық бағытын жузеге асыруда ЖОО жұмыс істейтін оқытушы- профессор құрамына айырықша жауапкершілік жүктеледі. Осы талап үдесінен шығу үшін университет оқытушылары ізденіп, жаңа заманның жалынды жастарын, адами капиталды бәрінен жоғары қоятын, салауатты, жан- жақты білімді, алғыр жас үрпақты, халықаралық сұранысқа ие маман кадрларды даярлауда бар күш- жігерін салып еңбек етуде. Елбасының алға қойған стратегиялық жоспарын ел болып бірігіп, жұмыла нәтижелі жұмыс атқарғандаға жаңа жүзеге аспақ.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. «Қазақстан – 2050» стратегиясы- қалыптасқан мемлекеттің жана саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті- Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 2012 жыл, 15 желтоқсан

2. Сұнғат Әліппай Енді еліміз елуліктे! // Егемен Қазақстан, 2013 жыл, 6 кыркүйек

3. Жанұзак Әкім, Иван Дудин, Фалымбек Әкімов Адам капиталы- қоғамды алға бастыруши күш // Егемен Қазақстан, 2013 жыл, 16 тамыз

4. Указ Президента Республики Казахстан «О Стратегическом плане развития Республики Казахстан до 2020 года». -Астана, 2010г.

5. Каменецкий В.А., Патрикев В.П., Капитал (от простого к сложному):— Санкт-Петербург, Экономика, 2006 г.- 584 с.

УДК 33

## **ИНВЕСТИЦИОННАЯ ПРОГРАММА КАК ОДИН ИЗ МЕТОДОВ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ СУБЪЕКТОВ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ В СИСТЕМЕ ВОДОСНАБЖЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

**Смагулова Д. Ж.,** магистрант  
Университета Международного Бизнеса,  
г.Алматы, naturalmonopoly1@gmail.com

*Бұл мақалада табиги монополияны тиімді пайдалану мен мемлекеттің инвестициялық саясатына қатысты сұрақтарды шешу жөндары жайлы айтылады.*

*В статье рассматриваются вопросы о государственном регулировании субъектов естественных монополий в системе водоснабжения в Республике Казахстан в целях повышения эффективности производства питьевой воды и рационального и экономичного ее использования населением страны.*

*The article deals with the questions of state regulation of subjects of natural monopolies in water supply system in the Republic of Kazakhstan in increasing the production of efficiency of drinking water, rational and economic use by the country population.*

*Ключевые слова:* государственное регулирование, естественная монополия, водоснабжение, сверхнормативные потери, инвестиционная программа, ответственность.

В Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 28 января 2011 года «Построим будущее вместе!» было отмечено, что

вопросы обеспечения казахстанцев качественной питьевой водой – важнейшая задача улучшения здоровья народа, поэтому это будет нашим приоритетом.

Работа по обеспечению качественной питьевой водой была начата 8 лет назад, и есть положительные результаты. Доступ к централизованному водоснабжению в сельских населенных пунктах вырос до 41 процента, в городах - до 72-х процентов. Количество людей, пользующихся привозной водой, уменьшилось в 4 раза.

В то же время ещё немало сёл нуждаются в улучшении систем водоснабжения.

Изношенность сетей водоснабжения в городах составляет 60 процентов [1]. Последнее является одной из основных причин нормативных и сверхнормативных потерь субъектов естественных монополий в системе водоснабжения. Сверхнормативные потери - это превышение фактических потерь над нормативными потерями, что является негативным явлением в хозяйственной деятельности субъектов естественных монополий. Это отражается на установлении более завышенных тарифов на товары, услуги и работы, предоставляемые предприятиями-монополистами. Поэтому в настоящее время стоит вопрос об их снижений и устраний. В своем отчете «Об итогах работы за 2010 год и стратегических задачах на 2011 год» Агентство по регулированию естественных монополий (АРЕМ) дало следующие данные о нормативных потерях предоставления услуг субъектов естественных монополий (СЕМ) (Рисунок 1, 2).

**Усредненные показатели нормативных потерь с 1987 года**

Год	электроэнергия	теплоэнергия	вода
1987	12,0	16,0	17,5
1995	14,0	19,4	21,3
2000	19,0	20,9	27,2
2003	21,4	23,7	33,1
2006	22,1	26,5	32,0
2009	19,4	23,6	25,1
2010	17,9	22,0	23,0
2011	15,9	19,7	20,4
2012	15,4	18,4	18,4
2013	15,2	18,1	17,4
2014	15,1	18,0	16,4




Рисунок 1. Изменение нормативных технических потерь субъектов естественных монополий.

Можно говорить о значительном росте технических потерь в системе водоснабжения до 2003 года. Это объясняется, как было выше сказано, материально-технической изношенностью оборудования предприятий. Снижение нормативных потерь произошло вследствие реализации инвестиционных программ, направленные на восстановление и модернизацию основных активов субъектов естественных монополий и принятия ряда нормативно-правовых актов. Государство ставит задачи по снижению нормативных потерь в течение 5 лет до уровня 1987г. в сфере водоснабжения в

2009г. – на 1,9%,  
2010г. – на 2,6%,  
2011г. – на 3,1% ,  
2012г. – на 1,2%,  
2013г. – на 1,2%.

Экономия от снижения в 2010 году нормативных потерь составляет 3,2 млрд. тенге, в том числе по воде – 989,4 млн. тенге (в 2009 году – 1 058,3 млн. тенге).

Для достижения вышеуказанных показателей ведется программа ликвидации сверхнормативных потерь. (Рис. 3).




Рисунок 3. Поэтапная ликвидация сверхнормативных потерь.

Данные за 2011-2014 – прогнозные показатели. Фактические потери воды за 2008 год по 16 крупным водоканалам составили около 5 млрд. тенге. Экономия от снижения в 2010 году сверхнормативных потерь составляет в 1,5 млрд. тенге, в том числе по воде – 84,3 млн. тенге (в 2009 году – 210 млн. тенге) [2].

В соответствии с Приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по регулированию естественных монополий от 4 августа 2006 года N 191-ОД «Об утверждении Правил утверждения нормативных технических потерь, технологических и технологических норм расхода сырья, материалов, топлива, энергии субъектов

естественных монополий» при утверждении предельного уровня тарифа (цены, ставки сбора) сроки действия нормативных технических потерь, технических и технологических норм расхода сырья, материалов, топлива, энергии определяются исходя из периода реализации инвестиционных программ и (или) инвестиционных проектов [3].

В статье 3 Закона Республики Казахстан от 9 июля 1998 года № 272-І «О естественных монополиях и регулируемых рынках» даны следующие определения:

1. *инвестиционная программа* — программа вложения и возврата средств, направленных на создание новых активов, расширение, восстановление, обновление, поддержку существующих активов, реконструкцию, техническое перевооружение основных средств субъекта естественной монополии, на краткосрочный, среднесрочный или долгосрочный период с целью получения технико-экономического эффекта, включающая в себя один или несколько инвестиционных проектов;

2. *инвестиционный проект* — комплекс мероприятий, предусматривающий инвестиции в создание новых, расширение и обновление действующих производств;

3. *инвестиционный тариф (цена, ставка сбора)* — утвержденный уполномоченным органом в рамках одного инвестиционного проекта тариф (цена, ставка сбора) или его предельный уровень на регулируемые услуги (товары, работы) субъекта естественной монополии, оказываемые на вновь созданных объектах, действующий до полной окупаемости вложенных инвестиций [4].

В настоящий момент государство в лице Агентства по регулированию естественных монополий проводит политику «установление тарифов через инвестиционные программы», которая является потенциально эффективной, однако стоит важнейшая задача – контролировать, как исполняются инвестиционные обязательства, взятые монополистами «в обмен» на повышение ставок. Применение инвестиционных тарифов субъектами естественных монополий выглядит следующим образом: (Рисунок 4.)




Рисунок 4. Динамика количества базовых СЕМ, работающих по инвестиционным тарифам

системы, ее способность к действию, пополнению языка новыми лексическими единицами, к выполнению определенных коммуникативных заданий. Естественно, что статический и процессуальный аспекты в словообразовании тесно связаны и трудно разграничиваемы. Оттого порою и невозможно определить, употребляем ли мы в речи производные слова как готовые единицы или же вновь создаем их по активным моделям словообразования.

В английском языке, например, производные прилагательные содержат до 70 суффиксов разного происхождения. Из них суффиксы -ate, -ogy, -ine, -id и другие никогда не соединяются с исконными основами; напротив, такие суффиксы, как -ward, -most, -fold, никогда не сочетаются с основами заимствованными.

Примером ограничительного действия семантики производящих баз может явиться сочетаемость адъективного суффикса -ly с обозначениями лиц, единиц измерения времени (manly 'мужественный', kingly 'королевский', daily 'ежедневный', weekly 'еженедельный' и т.д.) и исключение из сферы действия этого суффикса названий растений, материалов и т.д., которые типичны для модели с адъективным суффиксом -y (pine 'сосовый', clayey 'глинистый' и др.).

Активность словообразовательной модели, несомненно, регулируется уже существующими в лексической системе языка единицами [6, с. 28].

Так, отсутствие производных с префиксом un- типа ungood, unsoft, unlong в серии слов типа unkind 'недобрый', unready 'неготовый', unpleasant 'неприятный' и т.д. обуславливается, среди прочих факторов, тем, что в лексике английского языка имеются простые слова bad 'плохой', hard 'твёрдый', short 'короткий' и т.д.

Возникновение производных по тем или иным словообразовательным моделям, таким образом, есть результат действия многочисленных закономерностей, или правил.

#### **ЛИТЕРАТУРА**

1. Харитончик З.А. Лексикология английского языка. – Мн.: Вышэйшая школа, 1992. – 197 с.
2. Кубрякова С.С. Что такое словообразование. – М.: Наука, 2005. – 327 с.
3. Хаскина Е.М. Продуктивные способы словообразования в современном английском языке // Иностранные языки в школе. – 2003. – №6. – С. 20 – 29.
4. Царев П.В. О некоторых активных словообразовательных моделях современного английского языка // Иностранные языки в школе. – 1996. – №5. – С. 23 – 34.
5. Царев П.В. Продуктивное именное словообразование в современном английском языке. – М.: МГУ, 2004. – 224 с.
6. Царев П.В. Производные слова в английском языке. Учеб. пособ. – М.: МГУ, 2001. – 235 с.

ӘОЖ 378.147.2:811.112.2.

#### **АУДАРМА ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТ ТҮРІ РЕТИНДЕ**

**М.Ж. Бельгибаева**

*I. Жансұгіров атындағы Жетісіу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ.*

*Мақалада аудармашы қызметінің қозамдағы ролі жайлы қарастырылған. Өзінің қызметімен аудармашы тек өзінің жеке емес, қозамдық мүқтаждықты да қанагаттанырады, бұл ретте ол жеке түрткісін емес, оған қозамның мойнына артқан түрткісін жетекшилікке алады.*

*В статье рассматривается роль переводческой деятельности в обществе. Своей деятельностью переводчик удовлетворяет не свою личную, а общественную потребность и руководствуется он при этом не личным мотивом, а мотивом предписаным ему обществом.*

*In this article is discussed about the role of translational activities in a society. Through their activities, translator do not satisfies their personal but social needs and manage it without personal motive, and the motive which ascribed to him by society.*

*Тірек сөздер: Аударма, аудармашы қызметі, қозам, қатынас құралы, мәдениетаралық коммуникация.*

Аударма – адами қызметтердің бір түрі. Қызмет – «субъектінің шындыққа деген өмірлік, яғни белсенді қатынасын жүзеге асыратын спецификалық процесстерді» білдіретін психологиялық ұфым [1, 23]. Қызметтің курделі құрылымы бар. Ол іс-әрекеттер мен операциялардан құралады. Оған мұқтаждық, тұртқі, мақсат, шарттар сиякты жетекші факторлардың болуы тән. Белгілі бір нәрсеге бағыттайтын мұқтаждық – тұртқі деп аталады. Сол бағытталған нәрсе заттық, сондай-ақ идеалды болуы мүмкін.

Өзінің қызметімен аудармашы тек өзінің жеке емес, қоғамдық мұқтаждықты да қанағаттандырады, бұл ретте ол жеке тұрткісін емес, оған қоғамның мойнына артқан тұрткісін жетекшілікке алады. Аудармашы қызметінің мақсаты «белгілі бір қоғамдық тапсырыстар бойынша тілдік сейленістерді өндіру» болып табылады. Аударма ортақ тілді менгермеген, басқаша айтқанда лингвистикалық бөгеумен бөлінген адамдар арасында үнемі туындалған нәрсе заттық, сондай-ақ идеалды болуы мүмкін.

Аударманың қоғамға арналғандығы туралы мәселе оның анықтамасы жайлы мәселемен тығыз байланыста. Анықтамалардың көшілігі, аударма – мағынасын өзгерту үшін мәтіннің бір тілден екінші тілде қайта жасалынуы дегенге келеді.

Аударманың бір қатар анықтамалары бастапқы мағынасының дәлме-дәл мазмұндалуына сілтеумен қатар, аударылатын мәтіннің функционалды-стилистикалық барабарлығының мензелуін, оның стилі мен формасы жағынан түпнұсқамен сәйкес келуін қамтиды. «Аударма түпнұсқадағыны жеткізу ғана емес, сондай-ақ ода қалай берілгендердің жеткізу керек» деп Я.И. Рецкердің айтқаны көшілікке белгілі [1, 26]. Алайда, бұл мүмкіндік (аударма мен түпнұсқаның сәйкестігі) барынша шектелген.

Аудармашының мақсаты – аударылатын мәтіннің мазмұнын тұған тілде дәлме-дәл жеткізу.

Аудармашылар тек адамдар болғанымен ғана емес сонымен қатар әлеуметтік қоғамда үлкен рөл атқаратындықтан социумның негізгі бір бөлігі болып табылады. Онсыз сен ешбір тілді менгере алмайсың, аударма үшін берілетін төлемекінде ала алмайсың, себебі оған тапсырыс беруші болмайды.

Барлығы билетіндей, аудармашылар – басқа адамдармен қарым-қатынас арқылы өзіне ақша табады, сондықтан олар социумның негізгі бөлігі болып табылады.

Оған карамастан, бұл факт ғалымдармен тек жуырда ғана бекітілген. Бұрында аударма тек мәтіндермен лингвистикалық жұмыс ретінде қарастырылған. Осы аудармаларға негізгі талап ретінде нақтылық болды.

70 ж. соғы кезінде аудармаға деген көзқарас жылдам өзгерді. Бірақ ескі әдеттерден айырылу қын болып табылған. Аударманың абстрактті лингвистикалық концепциясы бұрыннан келе жатыр. Әлеуметтік мінезді елемеу – ежелгі Батыстың дәстүрі, бірақ қазіргі қоғамға да оның әсері зор.

Аудармашы деген кім? Ұзак тәжірибелі аудармашылардың көбі біріншіден осы сферада жұмыс істеуді ойлаган да жок, тек уақыт өтеп келе, көптеген аудармаларды жасай отырып, олар өзін аудармашылар деп атай бастады. Сонда «аудару» және «аудармашы

булу» арасындағы айырмашылық қандай?

Ең бірінші жауап – тәжірибеде. Аудармашының жана келгенге қарағанда кәсіби тәжірибесі болады. Аудармашының қалай және не айтудың кәсіби көзқарасы болады, сондықтан оның сөйлегені дұрыс болып табылады. Жаңа келген аудармашы өз ісінің маманы болуы үшін өзінің өмір сүру салтын түгелдей өзгертуге тиіс. Ол өзін маман ретінде керсетуі тиіс.

Соңғы жылдары аударма ісі психологиядан бөлек, мәдениеттанушылардың да зерттеу нысанына айналды. Өйткені, аударма – халықтар арасындағы мәдени қатынас құралы, тілдердің өзара ықпалдастығында айқындалатын мәдениеттілік өнегесі. Мәдениетаралық коммуникация мен аударма мәселесінде негізгі рөлді аудармашы атқарады. Екі немесе бірнеше тіл белгін адам мәдениетаралық коммуникацияны қамтамасыз етеді. Мәдениетаралық коммуникация мен аударма ісі – бір-бірінен өзара бөлінбейтін құрылым. Аударма тіларалық және мәдениетаралық коммуникацияның әралуан сипаты болып табылады. Екі тілді жетік білу дағдылы, қалыпты жай саналса, кеп тілді білу өте сирек қабілет иесіне тән. Тілдер өзара алмасу, кіргізу және конвергенция нәтижесінде бір-біріне ықпал етеді. Аударма – тілдер дамуының өзегі [2, 83].

Ендігі жерде аударманың ел мен елді байланыстыруышы сұхбаттылық пәрменіне тоқталатын болсақ, онда мәдениетаралық коммуникация, мәдениеттер сұхбаттастыры терминдері өзара ажыратуды, аракатынастарды саралауды қажет ететіндігін айтуымыз керек. Коммуникация термині бізге орыс тіліндегі әдебиеттерден келгенмен, әуел баста латын тілінен шыққаны белгілі. Қазак тіліне бұл термин “қатынас” деп аударылады әрі дәл аударылады деп ойлаймын. Қатынастың да түр-түрі болады. Солардың барлығын екі негізгі топка бөліп карау мүмкін. Олар: тікелей қатынас, жанама қатынас. Тікелей қатынасты біз “араласу” деген ұғым арқылы да жеткізе аламыз. Ол адамдардың өзара, бөгде біреулерсіз, тікелей, бетпе-бет қатынасқа түсін білдіреді. Қазаки тілдік санада “аралас-кораласымыз бір”, “араласып жүрген жандар” деген сиякты тұрақты сөз тіркестері содан хабар береді.

Кез-келген мамандықтың өзіне тән моральдық нормалары, кәсіби мінезд-құлық, әдептік зандаудықтары бар. Әлемдік аударма тәжірибесінде кәсіби кодекс занда түрде бекітілмегенімен, аудармашының міндеттері мен оған қойылар талаптар айқын.

Аудармашы дегеніміз мәтінді бір тілден екінші тілге ауызша және жазбаша қайта жасап шығатын екі тілді жетік менгерген коммуникациялық қатынасты қалыптастыруышы тұлға.

Осыдан шығатын қорытынды, мәтін аудармашысының сейленген сөзді аударма кезінде өзінің қалауынша өзгертуге, оны негізсіз қыскартуға немесе ойдан қосып түрлендіруге еш құқығы жок. Алайда сөйлеушінің ойы жиі қайталанып жатса немесе ұқсас сөздер молынан ұшырасса, мұндай жағдайда жинақтап, нақтылаپ жеткізуге болады. Аудару кезінде аудармашы өзіне жақсы кәсіби іс-әрекеттің көмегімен аударатын тілдің инварианттың әркез мейлінше толық жеткізуге үмтүләды.

Кейбір жағдайда ілеспе және синхронды аударма барысында аударма женілдетілген түрде жүзеге асады. Дипломатиялық өкілділік (мәселен халықаралық қатынастар кезіндегі ірі қайраткерлердің) сөзін аударуда жауапкершілік жүгі еселеңе түседі. Егерде аудармашы ретінде дипломатиялық өкілділігі мойындалған жағдайда айтылған сөздің аудармада мағынасын бұза қалса айыппалуға құқысы бар. Өйткені аудармашы дипломатиялық қатынасты қолдайтын қосалғы тұлға қызметін атқарады. Мұндай кезде қандай да бір елдің қызығушылығын қорғауға міндетті емес. Аудармашы екі жакқа тен дәрежеде қызмет етуге, еларалық байланысты сақтауға толық мүдделі [3, 128].

Саяси пікірталас, мемлекеттік кездесуде туындастырылған екі жақтың аракатынасындағы дау-жанжалға, т.б. жағдайларға аудармашының араласуға құқығы жок. Ол мұндай кезде аударылатын мәтіннің мазмұнына қатысты өзінің ұстанымын айқындаіп білуі тиіс.

Аудармашы материалдың мазмұнына қатынас бойынша кез-келген жағдайда құпиялық сақтау керек, арнайы ресми орындар рұксат, келісімінсіз өз еркінен тыс жария етуіне болмайды.

Аудармашы өзіне белгілі тәсілдермен түпнұсқа тілінің жүйесіндегі аударма тіліндегі, аударма техникасындағы және мәтін тақырыбындағы жан-жақты білімділіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Ауызша аудармашы кәсібі жан-жақты біліктіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде өзіне қажетті барлық мүмкіндікті, соның ішінде, өзінің жұмыс жағдайына сәйкесетін (ауызша аударма кезінде – аударып жеткізетін аппаратураның сенімділігін, тіпті қажет болғанда шешен сөзі жылдамдығының бәсендептілуінін, синхронды аударма кезінде шешендердің сейлейтін сөзінің алдын-ала ұсынылуын, жұмыс кезінде демалыс үшін кідіріс жасау, т.б.) ерекшеліктерін күні бұрын әзірліктен өткізеді. Жазбаша аударма кезінде тақырып бойынша анықтамалармен, басқа да қажетті әдебиеттермен танысып шығуға құқылы[4, 35].

Аудармашы аударма дәлдігі, сапасы үшін жауап береді, егерде аудармашы көркем немесе публицистикалық аудармаға қатысса, ол жарияланған жағдайда заң жүзінде корғалғандай, автор есебінде өзінің аты-жөнін көрсетуге міндетті. Бұған толық құқы бар.

Аудармашы – елінің, ұлттық тілінің, мәдениетінің, салт-дәстүрінің насхатшысы. Оған терен ой-өріс пен кең дүниетаным, жан-жақты білім мен үлкен қабілет тән. Бұл ауызша аудармашыға ғана емес, жолсерік- аудармашыға да қатысты. Өйткені, ол – өз елін басқа мемлекеттерге таныстырушы тұлға. Аудармашы мәдениеттілігі оның қалай дұрыс, сапалы аударма жасауына ғана емес, азаматтық, адамдық болмыс-бітімін үнемі сактай білуіне, сырттың, ықыласты қарым-қатынас жасауына да қатысты. Аудармашыға қарап, бүтіндей бір ұлттың сипатын танып, оның түрмисын, әдет-ғұрпын, мінез-құлық ерекшеліктерін, саяси-экономикалық жүйесін талдаپ, сараптайды. Ең бастысы – жолсерік-аудармашыға қойылатын талап зор. Оған барынша жоғары жеке тұлғалық, саяси және кәсіби жауапкершіліктер міндеттелінеді.

#### **ӘДЕИЕТТЕР**

1. Латышев Л.К. Перевод: проблема теории, практики и методики преподавания — М., 1986.-239б.
2. Тараков Ә. Аударма әлемі. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2007.-247б.
3. Алексеева И.С. Профессиональный тренинг переведоведения: Учебное пособие по устному и письменному переводу. СПб., Изд. «Союз», 2003. -288б.
4. Тараков Ә. Ауызша аударма. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2004.-60б.

ӘОЖ 245.160

#### **«МОГОЛ» - БІЗДІҢ АРҒЫ ЕЛЕСІМІМІЗ**

**Әмре Әрін**

*I. Жансүгіров атындағы Жетісіу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ-сы*

*Мақалада Шыңғыс хан жайлы қазақ галымдарының зерттеулері таратылып берілген. Шыңғыс хан жайлы мәліметтер ертедегі зерттеу еңбектермен салыстырыла қарастырылады.*

*Статья посвящена исследовательским работам казахских ученых о Шыңғыс*

*хане. Исследования о нем сравниваются с древними источниками.*

*The article is devoted to the research work of scientists kazakhkhan Shyngys Khan. Studies of him compared with ancient origins.*

*Кілт сөздер: мөгөл, Шыңғыс хан, мың қол, маңғұл, монгол, тарих.*

Бүкіл адамзатқа тән Шыңғысхан тарихын өзге арнаға бұрып жібері үшін жат пиғылдылдардың кезінде өз ұпайларына пайдаланып кеткен, күні қазірге дейін миллиондаған адамдардың түйсігінен нақтылы орынын таба алмай келе жатқан даулы ұғым, түсініксіз сөз – «могол» (монгол). Менімше, бұл барша түрктекстілер үшін байтак есім, қадірлі сөз. Қазіргі таңда мұны мамандар кемінде төрт түрлі мәнде түсіндіріп жүр. Бірі «мың қол» (жасак) ұғымынан туды десе, енді бірі «мәңгі ел» мақсатында сол кезеңде басты нысананаға алынған деп бұтарлайды, үшіншісі заманында ислам дінін қабылдамаған түрктердің бір бөлігі шыңғыс жаққа бет алған, міне солар «манғұл» еді дейді. Ал елжанды Бексұлтан Нұржекеұлы: «Өзара Жалайыр ішіндегі айтыс-тартыста Шыңғысханның тікелей бабалары өзгеден молмыз, көпіз, ауыз бірліктіміз, деген ниетпен өздерін мөгол атаған тәрізді» («Қазақ әдебиеті», 15.03. 2013 ж.) - деп топышылайды.

Осы түрғыдағы ең басты бетке ұстарымыз – Рашид ад-Диннің жоғарыда өзіміз келтірген белгілі де бедерлі пікірі. Манғұл мен мөгол екеуі де бір ұғымды білдіреді. Сыртқы кара ниеттілер, өсіресе евроцентристік көзқарастағылар «түрік» және «манғұл» деген этнонимдерді әртүрлі тектегілер деп деп жаңсақ түсінік таратуға бар күштерін салып бақты. Дегендеріне жетті де. Кешегі одақ кезінде білім алған әлденеше ұрпак қанішер манғол-татарлар десе, бойларын үрей билейтін күйге жетті. Сонымен бұл біздің әу бастағы елесіміміз еді. Сыртқы жау саясаткерлер заманалар дүрбелеңінде түпкі атауымызды қанша ұмыттыруға тырысқанымен жымыскы ниеттері жузеге аспады! Шыңғысханның тікелей ұрпағы Әбілғазы бабамыз «Мағол» этнониміне қатысты жауапты ежелгі грек сөздігінен табамыз, онда «Мағол» - «Алып», «Ұлы» деген мағына береді деп тұжырымдап берген!

Сонымен түрік жұртының төл шежірелері, заманымызға жеткен тарихи еңбектерімен танысқан кез-келген жан Түрік жұртының Мағол және Татар деген екі бұтақтан тарайтындығына көп дәйек табады. Мағол мен татардың егіз тұғандығына қанығады. Сондай-ақ Оғыздың да дәуіріндегі өзінің даңқты бабасы Мағол секілді айтулы ғұмыр кешкендігіне, Оғыз қағанының тікелей ұрпактары Қият (Қиян) пен Нұғұздың қысылтаян шакта мағол жұртын Ергенеконда паналатып, 450 жыл көлемінде өсіп-өніп, кейін одан шыққан соң татарларды ойсырата женгендігіне қанығады. Демек, Мағол өз тарихымызда кеңінен орын алған Оғыз қағанының арғы бабасы болса, бәрімізге де ортақ, жалпы исі түркі әлемінің тұп атасы болып шықпай ма?! Тұған елі десе жүргегін суырып беруге бар тарихшы Сарқытбек Шораның мына бір тұлпардай тулаған пікірі көкейге оралады осындайда: «Евроцентристік идеологияның жалпы түркі жұртына – мағолдарға қарсы тәжеусіз үтіг-насихаты бұдан 500-600 жыл бұрын басталған. Ол саясаттың негізгі мақсаты ата-бабамыздың ежелгі «татар-мағол» деген атауларын сана-сезімнен өшіріп тастау, ұмыттырып жіберуден басталған-ды. Олар мақсатына жетті де! Мысалы, Манғұл, Қият, Нұғұз, Түрік деген байырғы халқымызға тән атауларымызды ғұн, скиф, сак, массагет, исседон, киргиз, туземец, тағы да басқа атаулар алмастырды. Тіпті, ежелгі Түрік жұрты атауларының біріне-бірін қарсы қойып, кейінгілерін ежелгісі етіп көрсетуді көзdedі. («Сиыршы» кітабы, 123-124 бб. «Офсет», Талдықорған. 2008 ж.)

Бұл ретте және бір дәйектеме. Ескі қытай тілінің бесаспабы, түріктанушы мың болғыр Бичуриннің (Иакинф): «Олардың Европада жатып алып, мағол, татар, түрік деген әртүрлі халықтар деп болжауларының негізі жоқ, шындығында олар бір жұрт»

деп кесіп айтқанына да мінеки, екі ғасырға жуық уақыт өтіп барады.

Біреуге караған күнің осы. Айтулы өткенімізді, бастан кешкен базарлы шағымызды басқалардың пайымдауы тек адасушылыққа, алтын дінімізден арылуымызға әкеліп соғып отырғандығын, өкінішке орай, енді ғана біліп жатырмыз ғой. Амалымыз қайсы. Ешten кеш жақсы. «Өзіннен тумай ұл болмас...» дегендей, Әбілғазы бабамыздың мынандай жарқын жазбасына назар аударғайсыз енді: «Үйсін елінің сүйегі мағол... Ұлы патшалардың алыс сапарға шыққанда әйелдерін алыш жүретін әдеттері болатын. Осы әдетпен нәкерлерінің де кейбіреуі әйелдерін ала жүруші еді. Оғыз қағанның бір бегі әйелін алыш барып еді. Толғағы келді. Күн сұық еді, кірейін десе үй жоқ. Бір шіріген ағаштың қуысында босанды, ұл тапты. Мұны естіген қаған:

- Әкесі менің көз алдында соғыста өлді, қамқоршысы жоқ, - деп, атын Қыпшак қойып, өз қамқорлығына алды.

Түрік тілінде іші қуыс ағашты қыпшак дер еді, бұл бала ағаш ішінде туғандықтан, атын Қыпшак қоюы содан еді.» («Түрік шежіресі», 43 б. 1992 ж.)

Мұны келтіріп отырғанымыз, жатжүрттық білгіштер қыпшактарды мөғолдарға жау етіп көрсетіп, ішімізден өрт тұтатып бақты емес пе. Кезінде Әбілғазы баһадурдің дәл осындай жолмен жалпы түріктердің, оның ішінде Шынғысханның ақиқатын ашып жазатын «Түрік шежіресі» атты әлемге әйгілі кітабы жарық көргенде батыстың тарихшы-саясаткерлері: «Мұны аналар оқып қоймасын (туріктектестерді айтады, авт.), бұл шежіре-тарихты олар оқыса сана-сезімі ғарыштап аспандап кетеді» - деп үрэйлене дүрліккен. Расында да, бұл құнды енбекті қазақ халқы тәуелсіздік алғанға дейін оки алмады.

Кешегі кеңестік тарихтануда біздің Могол, Оғыз, Қият, Нұғұз, Түрік деген қанымызды да, мынау Ұлы даламызды да сіңімді ат-атауларымызды бір ғана «Қыпшак» атауымен алмастырды. Неге десеніз, сыртқы күйреткі, өртегіш идеологияның дем берушілеріне әлемді дүр сілкіндірген, барша адамзатты мойыннатқан Шынғысханның аты да, елі де, бұған дейінгі есім-атаулары да түрлідей көрінді, естіген сәттерінде-ак аждаға жыландай жиырылды.

Сонымен несін айтасыз, кәрі тарихтың бір қайырмасында, сындарлы тұста, яки орта ғасырда мағол-татар деген елесіміміз қайта жанғырды! Бұған дем берген жер-жағанға мәшьүр «Еке Моголдар» ұлысын құрып, өртедегі бабаларының сайыпқырандық жолымен айды аспанға бір-ак шығарған Ұлы перзент, даңқты Могол – Шынғыс қаған еді! Енді дәл осы арада он төртінші ғасырда Жетісуда бой көтерген «Моголстан» мемлекеті, кейін Үндістанда біртұтас мемлекет жасаған ұлы Моголдар туралы да көсіле сыр шертуге болар еді! Оны бір мақаланың көлемі қайдан көтерсін.

Ниеті де, сөзі де түзу Хара-Даван: «Военные действия Чингисхана с тюркскими племенами означало намерение восстановить древнюю монголо-тюркскую империю» демеп пе еді!

Тіпті желпініп, желдей есіп барамыз ғой. Хош делік. Басқаны былай қойғанда, күні бүтінге дейінгі мандайымызға басқан дара данышпанымыз әулие Абайдың сөзіне неге иланбасқа?! « ... Манғұлдан шықкан халықтың бірі – біздің қазақ. Біздің қазақтың манғұлдан шықпактығы бізге ұят емес, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалмактығымыз ұят». (Абай. Екі томдық шығармалар жинағы, II-том, 165 б. «Жазушы» б.-сы. 1986.) Бұдан артық қалай жеткізін тарих тағылымын. Әдетте Абайдың ұлық сөздерін ретін тусын-тумасын әнгімесінің тұздығын келтіру мақсатында тықпалай беретін мықтыларымыз тағы да үнсіз.

Қазақтың тұңғыш тарихшысы атанған Қадырғали Жалайыр бабамыздың Алланы аузына алыш отырып жазғандарына ден қоялық осы арада: «Ол қауым (ежелден) мәлім, белгілі еді. Негізі олардың ұрпақтарынан екі адам көшіп Әргенә көлге (колға) барыпты. Жылдар өткен сайын олар көп болып есіп-өнеді. Олардың ұрпағы тіптен көп болды. Есімдерінің мөғол аталуы солай кетті, тағы бір басқа қауымдар олармен бірге

еді. Әуел баста олардың заманында осылай аталған бұл бір мөгөл қауымы еді, яғни кітапсыз қауымнан еді. Алла тағала жар болып төрт жуз жылдай уақыт өткен соң олардың ұрпақтары көбейіп іргелі ел болды. Олардың қуат (құт) дәүләттері туралы басқа үәләйттарда да аты ерекше шықты. Оларды, яғни осынау қалың түрікті мөгөл деп атады. Өйткені мұнан ілгері татар женіп бағындырған жұрттың бәрін татар деп атап еді. Әркімдер араб, ұнді (хинд), қытай татарды білетін еді». («Шежірелер жинағы», Алматы. «Қазақстан», 1997, 30.)

Жарық жұлдызымыз Шоқан Уәлиханов жоғары бағаламап па еді Қадырғали бабамыздың атамыш еңбегін: «Совершенно джагатайский, очень близкий к нынешнему киргиз (кайсацкому) ...По своему изложению она (книга) также замечательна. Здесь басен менее, нежели в Абулгазы и Шайбане-наме» (Ч.Ч. Валиханов. Собр., соч. В пяти томах. Т. 1. А., 1984, - с. 244.)

Керек десеніз, Қадырғалидың ататегінің өзі Шынығысханмен сабактасып жатады. Бір дәйек. «Орысханның ордасында билік айтып, шешіле сөйлейтін атақты билер көбінесе жалайырдан шықкан. Оның ішінде ең жүйрігі Қадырғалидың бабалары – Софыбек, Етелібек болған («Библиотека восточных историков». Издание И. Березина, т. II, ч. 1. Казань, 1854, стр. 4.)

Енді Қадырғалиды қазақ зиялыштары қалай бағалаған екен, соған келелік:

-Оразмамбет кітапханасында сақталған кітаптардың ең бағалысының бірі – өзіне дос болған серігі, әрі атақты биі, көркем тілде қазақша жазатын асқан жазушы Қадырғали Жалаиридің шығармасы. Қадырғалидің келістіре сөйлеуіне қарағанда ол сол кездегі атақты жазушының бірі болған. Бұл кітаптың тілі, мазмұны, оның авторы ерекше болғандықтан, Шоқан оған зор ғылыми мән беріп, қазақ тілінің жақсы бір мұрасы деп білген.

Қадырғали Жалаири өз заманының атақты данышпаны болғандықтан сол замандағы халық шежіресін бұлтартпай, сол калпында жазады. XYI ғасырдың сонында осындағы әдемі оймен қазақ тілінде келелі сөз жазып қалдыру, қазақ халқының тарихын, шежіресін, тұрмысын әдемілеп суреттеу – сарқылмайтын мәдениет дүниесінің келісті бір түрі деуге болады. Ой жүйесінің әдемі құрылуы, тілі, көркемдік бейнесі Қадырғалиді сол кездегі кеменгер кісінің бірі етіп сипаттап, оның білгіш, жүйрік, оқымысты кісі екенін көрсетеді. Кітап бойынша Қадырғали араб, парсы, түрік, орыс тілдерін бірдей жақсы білген. Қадырғали Жалаир – қазақтың бірінші ойшыл ғалымы, данышпан жазушысы, өрнек қалдырған мәдениет мұрагері. Оның жазғандарын қазақ жазу мәдениетінің бірінші үлгісі деп тану керек. Қазақ халқының тарихы, әдебиеті, тілі, халық шежіресі туралы Қадырғалидың еңбегі байтак мәлімет. (Әлкей Мағұлан. «Білім және еңбек», 1982 ж., №1.)

Асылдың асылдығын тани білудің өзі бір ғанибет емес пе. Қазақ тарихының көшін біраз белестерге шығарып кеткен Манаш аға былай дейді: «Біз Қадырғали бекті тыңнан жол салып, өркениятты халық деңгейіне ұлттымызды тағы бір саты көтергені үшін ұлттың ұлы тарихшысы деп атайды! Қадырғали бек Қосымұлы Рашид ад-диннің шежіресімен тек таныс қана емес, ол ұлы тарихшыға ұқсап бақты. Алайда оның көленкесінде калмады. Оның шежіресін жүйеледі, кеткен кателіктерін түзетті, шығыс терминологиясын тұған елдің топырағына сәйкестендірді, географиялық атаулар мен есімдерде кеткен дәлсіздіктерді орында жеріне қойды. Ол өз заманының білімпазы, араб, парсы, орыс тілдерін жетік білген, ұлт шенберінен шығып, әлемдік деңгейге көтерілген кереген ғалым. «Шежірелер жинағы» қазақ халқының тарихы туралы ен бай, ен негізгі дерек көзі.

Қадырғали Жалайырдың шежіресінде алты алаштың құрамына енген тайпалардың тарихы берілген. Оның ішінде жалайыр тайпасының алаш мыңының – бүкіл қазақтың нокта ағасы екендігі ерекше дараланған. Қ. Жалайыр шежіресінің бір өзгешелігі, әрі бізге керек жері ол әрбір тұлғаның анасын көрсетеді. (Манаш Қозыбаев.

«Ұлттың тұнғыш ұлы тарихшысы», «Ақиқат» журналы, № 1. 2002 ж.)

Енді қазақтың жоғарыда аталған данышпандарының бәрі биік бағалаған Қадырғали бабамыздың еңбегіне сүйенбеске басқадай ылажының да жоқ. Хош. Былай жазады автор: «**Бұл заманда мөгол арасында аты атальшып, белгілі болып жүргендері жалайыр, татар, ойрат, меркіт, және басқа кейбір қауымдар мөгол арасында еді.** Әрбірінің өз патшасы бар еді. Өйткені керейіт, найман, онгут, секілді тайпалар ерте заманнан бері мәлім болса да жалпы аттары мөгол деп айтылатын. Қонырат, құрлас, икирас, елжигин, орианқыт, келгенут, және олардан өзге тайпаларды да барлығын «**мөгол дарлакин**» деп атайды. Сондай-ақ және нирүн қауымы, яғни олар нағыз мөголдар еді. («Шежірелер жинағы», Алматы. «Қазақстан», 1997, 23 б.)

Көріп отырыс, негізгі тайпаларымыздың бәрі де ертеде мөгол атаныпты. Сонда біз неліктен атамыш елесімнен қашуға тиіспіз.

...Мөголдың жазбаша тарихы әлі жоқ еді. Тағы (бұл заманда патшалықка отырған) Сұлтан Сайд Фазан ханның тарихы да жалпы жиынтығында Нұх ғалейыссаламнан бері Ибтида хижиратқа (хижраның басталуына) дейін бес мың жыл өтті деп қысқаша айтылған және тағы **ол мөгол (дарликин)** деп айтылады. (Сонда: 496.)

Сонымен енді бүгінгі Монголиядағы монголдарға келетін болсақ, олар негізінен алғанда, кезінде Қытайдан бері жөңкілген маньчжурлар. Шынғысхан ұрпақтары Орта Азия мен Қытай жеріне ауысқанда ежелгі мекенде қалған ойраттардың қалауымен маньчжурлар көптеп қоныстанған.

-Біздің монголдар бір кезде орыстармен бірігіп алып, Шынғысханның тұқымын тұздай құртты. Бүгін олар «алтын ұрықтан» ешкім қалмады дегенге бейіл. Ел басшылары да бүтінде Шынғысханның тұқымы қалмады деп аузын қу шөппен сүрткенді жөн көреді. Ал Қазақстанда халықтың жағдайы ауыр кездің өзінде мемлекет тарапынан Жошы хан мазарын жөндеуге қаражат бөлініп отырды. Осы жағынан алғанда мен Қазақстанды бірінші орынға қойып, өз ұлттымды екінші орынға қоямын.

Біздің елде төрелерді «алтын ұрық» деп атайды. 1929 жылы Монголияда коммунистер «алтын ұрық» әuletінен 13 мың 475 адамды қырып тастап, дүние-мұкамалын талан-таражға салды. Үкімет күні бүгінге дейін оларды ақтаған жоқ, - деп ағынан жарылады Әлемдік Шынғысхан академиясының президенті Пурев-Ойдовын Давааням. («Айқын» газеті, 07.08.2008 ж.)

Екі жақтағы екі алып мемлекет «монгол» атандырып түрғасын, кішкентай ойрат, бурят тайпалары «монгол» атанбай қайтсін, мойындаиды да. Әйтсе де, сол мойындағаннан пайдасын қазір көріп отыр. Алаш жұрттының ардақтысы, әлемдегі ең ұзақ жасаған әрі өте кең аумақты иеленген алып түркі империясының негізін қалаған ұлы колбасшы Шынғыс ханды «жекешелеп» алды.

Осы орайда зерттеуші Данияр Қалибаев ащына былай жазған еді: «Все казахстанские издания по государству Чингисхана представляют собою переписанные с трудов монголоведов книги: Котвича, Владимира, Кычанова и др. И никакой ценности для написания истории Чингисхана не имеют. Монголоведы столь фальсифицировали историю Чингисхана, главным образом, выполняя работу в русле официальной политики бывшего СССР и бывшей российской империи, стремившихся любой ценой и любыми методами доказать, что Чингисхан не был тюрком (казахом) или китайцем, а лишь представителем ныне незначительного, малочисленного этноса – монголов».

Анығы сол, отаршыл Ресей үкіметінің ең қауіпті, ең қасіретті қылмысының бірі – Орта Азия мен Қазақстан, жалпы түркі халықтарының ұлттық санасын құлдануға күш салу еді. Патшаның саясаткер-ғалымдары орыстандыруды тоқтаусыз жүргізу үшін саяси-ғылыми айналымға «панисламизм», «пантюркизм» деген терминдерді енгізсе, Кеңес үкіметі жылдарында жергілікті халықты ата тарихынан, ата дәстүрінен, ана

тілінен, ұстанған дінінен бөзіндіру үшін неше түрлі құйтырқы теорияны жан-жақты жетілдірді.

Асыл бабамыздың түріктестігіне бүгінде тіпті әлем шенберінде шек келтірер ешкім қалмады. Ендеше, оның сол тұста монғол үстіртін мекендерген, бүгінде Қазақ елінде керегесін жайып отырған бір тайпа, белді рудың өкілі екендігінде дау жоқ.

«Шыңғыс ханды барлық тарих жалайыр руынан шығарады. Қадырғали Жалайыр мен Шыңғыс хан екеуді Хайду ханнан бірге тараиды, сосын Байсұнқарға келгенде, Байсұнқардан Шыңғыс хан тараиды да, Шара деген кісіден Қадырғали Жалайыр тараиды. Оның үстіне Байсұнқар ерте қайтыс болғандықтан Шыңғыс ханың төртінші, бесінші шешесі мен Қадырғали Жалайырдың шешесі бір. Ұлы тарихшы Рашид аддинде де солай жазылған» - деген ( «Алқа», №8, 7 бет, 2012.) Тілеуберді Әбенайұлының тұжырымына қосылmasқа дәйегіміз жоқ.

Ал Мұхамеджан Тынышбаев болса өзінің әйгілі енбегінде : «По свидетельству монгольского историка Санан-Сесена джалайры происходят из многочисленной и сильной группы монголов, известных под именем Еке-монгол(Великие монголы)» - дейді.

Рашид ад-Дин өзінің айтулы мұрасында Шыңғысханның түрік екендігін, оның ішінде Жалайыр тайпасының өкілі екендігін мың қайтара айтып кеткен десек артық кетпейміз. «Көрмес түйені де көрмес» демекші, мұны назарға алмай келе жатқан ең алдымен біздің өзіміз. Өзгелердің бәрі бұл ақиқатты жалаулатып жазып та жатыр, құлағымызға құйып та жатыр, ойпыр-ай десенізші, селт етпейміз ғой, селт етпейміз!

Марко Поло кезінде өзінің он төрт жыл ғұмырын Шыңғысханның ұрпактары ортасында өткізгені белгілі. Ендеше оның: «Ордада бір мың ақбоз бие сауылады, оның сүтінен «қымыз» дейтін сусын жасалады. Оны тек Шыңғыс үрім-бұтағы мен жалайырлар ғана ішеді» деген жазбасына неге сенбеске!

Халықтың ғасырлар теренінен тамыр тартқан асыл жадына жетер ешнәрсе жоқ дер едік. Осы орайда белгілі қаламгер, таза тарихтың жактаушысы Марал Ысқақбай пікіріне құлак асалық: «Сонау бір жылдары Қазыбек бек Тауасарұлының «Тұп-тұқияннан өзіме шейіні» жарияланғанда, ондағы Шыңғыс хан Жалайыр тайпасынан шыққан» дегенді оқып, кейбіреулер ертөкимын бауырына алып тулап жатқанда ол маған ешқандай жаңалық болып көрінбеген. Өйткені ол сез мениң құлағымға бала күнімнен сінген-ді. Шежіре шерткіш қария атаулы Жетісуды жайлаған Үйсіндерді Абак, Тарак деп екіге бөлөтін. Бұл ру есімі емес, таңбаларының аты. «Тарак» - жалайырлардың таңбасы да, «Абак» - албан, суан, дулат, ошақты, сарыуйсіннің таңбасы. Шежіреден хабары бар ағайын ішінде бүгінде де оны теріске шығаратын ешкім табыла қоймас. Сондықтан да тарак таңбалы Шыңғыс тұқымдары да жалайырдың ұркы деп есептелетін. Жалайырдың Ұлы жүзге «нокта аға» болуын, тарақтының арғынға «нокта аға» болуын сол Шыңғыс ханың құдірет-кушінің арқасы деп қарайтын». («Шыңғысхан» журналы, №1, 2011. 70 б.)

Және бір негіздеме. К. Жалайырдың шежіре кітабында Шыңғысханның атабабалары мен ұрпактарының құда түсіп, қыз алған тайпалары түгелдей көрсетілген. Төңірегіндегі конырат, найман, керей, ойрат, меркіт, татар т.б. ру-тайпалардан қыз алып үйленіп отырған. Сонда деймін-ау, сол дәуірде 70 мың күрен құраған, яғни жарты миллион жалайыр тайпасынан Шыңғысхан аталарының немесе бергі ұрпактарының отасуына бір қыз табылмаған ба?! Әлде олардың бәрінің мұрыны санкы, тілі сакау болған ба? Міне, осыдан-ақ анғарылып тұр емес пе, өздері кілең жалайыр болса, тұмысы бір жалайырлармен қалайша құдалассын! Міне, осы арада Бичурин атайдың сол замандағы жалайырлар туралы айта келіп: «Жастар үйленуі керек, өз тайпасының қыздарына үйленсе, тұқымдарының бірте-бірте азып, қандарының бұзылатыны да байқалып қалды. Сондықтан қыз алса, көрші тайпалардан алу салты сол кезде анықтала бастады» - деген тұжырымын еске түсіру орынды деп есептейміз. («Орта Азияны

мекендереген халықтардың көне заманғы тарихы», Астана: «Аударма», 2008. 316.)

Біздің осынау дәйегімізді одан әрі шегелеген тарихшы Мырзабек Қарғабаев былайша пайымдайды: «Итак, кто они Жалаиры? Откуда они появились? И что хотел сказать нам автор хроники, который сообщал, что «он взял с собой 13 богатырей (батыров) племени Жалаиров»? И почему автор хроники почти ничего не говорит о них? Действительно, автор хроники упоминает племя Жалаиров очень редко. На фоне других племен тюрков, как Найманы, Конраты, Керей и Абак-керей (серкиты), о них ничего не слышно, как будто их не было рядом с ними. Все правильно, автор «Тайной истории» писал историю кочевников тюрков племени Жалаир, и ему не нужно было подчеркивать, то, что было ясно всем. Отсюда видно, что историческая хроника изначально предназначалась соплеменникам Чингисхана» («Атлантида кочевников», 42 стр. Караганда, 2007.)

Бұған қоса аталмыш автордың мына бір тұжырымына және зер салыныз: «Чингисхан – тюрк из племени **Жалаир**, потомок Арыса. Племя носит имя братьев – Жал и Аир (жал – грива, аир – вила, каз., тюрк.), тамговый знак которых имеет вид вилы (**III**). Такой знак Жалаиры носили задолго до Чингисхана» (Сонда: 68 б.)

Аталмыш ата дәстүрдің күні қазірге дейін жалғасын табуын өміріміздің көптеген кырларынан анғарамыз. Мәселен, ұлken ас, той-жындарда қазактың нокта ағасы – жалайырларға алдымен сөз берілетіндігін үнемі көріп келеміз. Оның өзіндік жолы мен мәні бар екендігін келер ұрпаққа жеткізуге тиістіміз де. Бұл турасында бұған дейін де сан мәрте жазылып қалған: «Род Джалаир считается ныне старшим из великой Орды. На пирах, при подаче кушаньев, спрашивают: есть ли на лицо старший из родов Джалаир? Для того чтобы поднести ему первому. На свадьбах начинают пение Джалаиры, а когда их нет, то Ошакты. (Н.И. Гродеков. «Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарынской области», г. Ташкент. 1889 г.)

Қазақ тарихының терен қатпарларының сырына қанығу жолында бар ғұмырын сарп еткен Сарқытбек Шораның зерттеулері де зерделі дер едік: «Жалайырдың тегі Оғыз қағанының Айхан деген екінші баласының үшінші ұлы Дұдурға – Япарлыдан өрбиді. Жалайыр мен Қоныраттар мөгөл түріктері ішінде Еке Моголдар немесе Ұлы Түріктер санатына жатады. Оларды ерте кездерде Япарлы деп те атаған. Оғыз қаған өз кіндігінен тараған тұқымдарына өсiet айтып, енші бөлгенде (бүкіл түрік жұрты бас қосқанда) Дұдурға Япарлыға «сыбағаң малдың он жауырыны болсын, қонысыны Қытай жұрты жағынан соғатын сүйк желдің өтінде болсын!» деп батасын беріпті.» («Сыршы», «Офсет» баспаханасы, 2008 ж.256.)

Шынғыс қаған тарихын М. Мағаундей терен зерттеп жүрген жан кемде-кем. Осы орайда классик жазушының мына бір лебізін келтірген жөн деп білеміз: «Тұтқыннан босаған Бөртені алып қайтуға Темужіннің өзі бармай және үнемі бірге жүретін туған інілері Қасар мен Белгутайды жібермей, тіпті, сенімді нәкерлері Бауыршы мен Желмені де жұмсамай, бар салмақты Жалайыр Сабаға артуы да кездейсоқ емес. Сірә, жасы ұлken кісі әрі жалайырдың көрнекті адамы.

Біріккен жұртқа ортақ, билігі зор әмірші сайлау шарт. Таңдау – Темужін сияқты ол да Боданшар-Байсұнқар әuletінен шықкан, өтімді сөз, майда тілімен ғана емес, қолбасы ретінде де кеңінен танылған, салауаты мол, саясаты зор Жамұқа-шешенге түседі. («Шынғысхан және оның заманы», «Жұлдыз» журналы, № 10, 2011 ж.) Ал Жамұқа-шешеннің жалайыр тайпасының ірі екілі екендігін бар бастаухаттар тайға таңба басқандай көрсетеді! Олай болса, Шынғысханды жалайыр деп неге қабылдамаймыз?!

Басқа мәліметтерге қарағанда және де Шынқұз хан туралы түсірген қытайдың отыз сериялы фильміндегі кейбір эпизодтарға сүйенсек, Мұқұлай Шынқұз ханының «Қытайға патша бол» деген ұсынысынан бас тартады. «Неге?» деп Шынқұз хан сұрағанда Мұқұлай бағадұр: «Мен төре емеспін» - дейді. Сонда : «Жалайыр Мұқұлай» -

дейді Шыңқұз хан, - сен менің туысқанымсың ғой, қандасымсың ғой. Сондыктан сенің патша болуға хакың бар!». Ақылы асқан Ұлы қағанның негізсіз ешкімге : «Сен менің туысқанымсың ғой, қандасымсың ғой!» - деп айтпасы ақаиқат.

Іә, анғарып отырғанымыздай, Ұлы қағанның айналасындағы сүйенерлерінің бәрі жалайырлар. Жас кезінен бастап оның ауыртпалықты тағдырының ыстық-сұғына, Ұлы мемлекеті шаңырағының биік болуына ерен атсалысқандар да, жақын андалары да бәрі-бәрі жалайырлар. Сонда өзі қайдан шықпақ?! Бұл арада бір айттарымыз, біздің тарихшыларымыз сол Шыңғысхан бабамыздың империясын асқан төзімділікпен құрысқан, кейінгі Алтын Орда, қазақ хандықтарының тарихында да елеулі роль аткарған, керек десеніз, Бағдатта жұз жылға жуық билік құрған жалайырлар туралы салмақты зерттеулерге дең қоймай келеді. Бұдан елдігіміздің көкжиегі кеңеймесе, тарылmas еді ғой!

Соңғы жылдары тарихтағы олқылығымызды толтыру жолында көп тіршілік жасап отырған «Алаш» зерттеу орталығы жалайырлардың шежіресін Рашид ад-дин мен Әбілғазының мәліметтері негізінде Нұх пайғамбардан тұп тартып, Елхан – Нұқұз – Дәрлікен – Жалайыр деп негіздейді.( «Қазақстан тарихы», «Алаш», А., 2008.)161 б.) Жалайыр тайпасы Шыңғысханның тоғызыншы атасы болып келетін Боданшардың кезінде де осы атымен аталған. (Сонда: 269 б.) Жалайыр тайпасының негізін ежелгі дәрлікен тайпа одағына кірген түркі тілдес рулар құрады. (Сонда:185 б.) – деп таратады. Иә, Әбілғазы бабамыздың: «Жалайырлардың негізгі тұбі монғолдың дәрлікін руынан болар, дәрлікін елі нұқұз әuletінен» («Шежіре», 309 б.) деген анықтамасын білмейтіндер кемде-кем.

Ұлы қағанның алып бейнесін жарқырата ашуға өлшеусіз үлес қосып отырған Бексұлтан Нұржекеұлының тұжырымы әдетте тегеурінді келеді: «Енді шежіремізге қайта оралайық. Добун-Баян елген соң да Алан-Гоа күйеусіз үш ұл туады: Буқун-Катаки, Салдже, Боданчар деген. Бөрте-шинаның бұған дейінгі ұрпағы жалпы жалайыр аталаған келсе, бұл үш ұлдан тараған ұрпақ нирун жалайыр, яғни нұрдан жаралған жалайырлар аталаады. “Нирун” дегенді аудармашы орыстың “чресла” деген сөзімен түсіндіреді. В.Даль оны “поясница, крестець или наружность тела над тазом” депті. Бел, сегізкөз секілді. Бәлкім, “бел жалайыр” немесе «жұлын жалайыр» дегені ме, кім біледі?

Боданчардан – Бұқа, одан – Дутум-Мәнән, одан –Қайду, одан – Байсұнкар, одан – Тұмбинә-хан, одан – Қабыл-хан, одан – Бартан-бахадүр, одан – Есугэй-бахадүр, одан Чингиз-хан туады. Бұлар және олардың ұрпағы – бәрі нұрдан тұған жалайырлар (дарлекіндер). Сонда тек Шыңғысхан ғана қалайша жалайыр болмайды? («Қазақ әдебиеті», 15.03.2013.) – деп Аллаға аян ақиқатты айшықтай түседі.

Осынау айдай ақиқатты талапкер тарихшы Марат Жандыбаев төмендегіше қырнай түседі: «Нукуз и Киян есть родоначальники единого родословного Древа и общности под под именем «Дарлыген» (Дарлигин) в IV-IX веках, а в IX-XIV веках под именем «Дарликен» (Дарлекин), и его двух основных ветвей: «нукузской» и «киятской» («кият» от «киян» во множественном числе), потомки которых известны как обладатели и носители тамги «Тарак.» (Марат Жандыбаев. Историческое эссе, «Дизайн-ОТ», г. Талдыкорган. 59 стр.)

Түркітану ғылыминың майын қалқып, жілігін шаққан орыстың шын білгірі Василий Владимирович Бартольд баяғыда-ақ төмендегідей анықтама берген: «Жалайырлардың атауы алғаш монгол ұлтының атауы болған». (Бартольд В.В. «Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов», М. 2002. 172 стр.)

Орыстың ұлы түркітанушысы Н. Бичуриннің осы реттегі іргелі еңбектерімен танысқан жанның Шыңғысханның қай тайпадан шыққандығын бірден біледі. Неге десеніз, онда ұлы қағанның арғы тегінен бермен қарайғы бар тарихы қолмен қалағандай жазылған. Мына бір тұжырымына көз жүгіртініз: «Теміршың Қиян атаниң

баласы еді. Көне тұрықтар билеуші, билік жүргізуші әulet деген ұғымды **қиян** дейтін. **Қиян** көне тұрғы тілінде және қазіргі қазақ тілінде **аса биік** деген мағынаны білдіреді. Ал жай аузыша-жазбаша жазуларда қиян деген сөзге Қиян ата деп қосымша белгі білдірілетін. Сол Қиян – Қиян ата сөзінен барып кейін қият деген ұғым пайда болған. Бұл қият деген сөзді қазіргі тарихшылар ру аты деп шатасып жүр. Бұл, шын мәнінде, мыңқолдардың қасиетті атасының аты. Билеуші, биік такта отыруға қақысы бар Қиян ұрпағы деген мағынаны білдіреді. Бұл ру аты емес. Жалайырлар Биік билік иесі болып, өздерін Қиян атасының ұрпақтарымыз деп атайдын. (Н.Я.Бичурин. «Мыңқолдың төрт ханы», 13,17 бб. Астана. «Фолиант» баспасы, 2011.)

«Сонымен б.ж.с. 92 жылы Үйсіндер өте катты женіліске ұшырайды. Жүзжан деген елден женіліске ұшырап 500 үй ғана қалады. 500 үй қашып барып Алтай тауын паналайды. Олардың тығызып қалған жерін суреттегендеге, жа-жағының бәрі биік тау, ешкім өте алмайтын құз-жар, адам әрен өтетін жолы бар, ар жағы кен алқап еді дейді. (Н.Я.Бичурин. «Орта Азияны мекендерген халықтардың көне заманғы тарихы», Астана: «Аударма», 2008. Орыс тілінен аударған Әкім Тарази. 246.)

«Сонымен, тауға қашып тығылған Үйсіндердің ұрпағы 460 жылдан кейін Алтай тауынан шығып, әлгі өздерінің ата жауы Жүзжандарға сокқы береді. Женілген халық таң қалып, «бұлар кімдер еді?» дегенде, алғаш жауап таппай, кейін тағы да бір соғысқанда, «сіздер кімдерсіндер?» дегенде, бұлар: «біз көк тұрықпаз» дейді. «Көк тұрықпаз» дегені, орыс тілімен айтқанда «небожитель» деген мағына білдіреді. Біз биік тауда тұратын халықпаз, біз көкте тұратын халықпаз, біз көк тұрғынымыз деген мағынада.

Христиан жыл санаудын он ғасыр бүрін мыңқолдар мен танғұттардың Қытайға шабуылы жиілій түскен. Және ол шабуылдар кей жылдары жойқын, сұрапыл болған. Ал қытай жеріндегі иеліктердің өзара айқасып, соғысып кететін тұстарында ауызбірлік болмай қалған кездерде, мыңқолдар мен танғұттар, тіпті, ішкі Қытайға еніп, сол арада бекініс құрып, қытайларға көп қиянат көрсететін болған.(Сонда: 25,46 бб.)

Осы кітаптағы аудармашы Әкім Таразидің сынасөзіне көз жүгіртелік: «Қазакта «Жалайыр – нокта ағасы» деген мәтел бар. Бұл сөздің мағынасына қазіргі қазактар көп мән бере бермейді, оны «тойбастар деген мағынада ұғынады. Себебі осы күнге дейін қазақ тайпа-рулары бас қосып, той бастау керек болса, «Кәнеки, арамызда Жалайырдан кім бар екен?» дейді. Сол жалайыр деп жүргеніміз кейбір біздің тарихшыларымыздың «Жылқының жалынан қысып жібергенде, жылқының жалы айырылып кетіпті» деген сиякты жабайы ұғыммен түсіндіріп жүрген тайпаның алғашкы аты - «Жолайыра». Жолайыра немесе «жол айырар» деген сөз.

Сол Жолайырлардың ханына Түмен хан Ботаны аманат қып тапсырады. Тоқалдың ойындағы арамдығы іске асқан соң ол енді қыт-қыттап журіп, Түмен ханға «Сен шабуыл жаса Жолайырларға» дейді. (74- 75 бб.)

Кейбір тарихшылардың Шығысханды жалайырдың Бөржігіт деген атасынан таратуында да жан бар». (341б.)

Сонымен Түмен хан (екінші есімі Қарахан) өзінің Ботахан деген ұлына он мың атты әскер беріп, өз алдына дара хан етіп бөліп шығарды. Ал кеше ғана тасы өрге домалап тұрған жолайырлар жаңадан пайда болған Бота ханды менсіне қойған жок.(342б.)

Бұл екі халық қатар өмір сүрді, қатар көшіп-қонып жүрді. Екеуі де Қытайдың шығыс шекараларында өмір сүрді. Татар деп аталатындар Қытайдың Шаньси, Хэбэй провинцияларында көшіп-қонып жүрген. Ал Жалайырлар Қытайдың солтүстік батыс аймағын мекендерген.Ол сұрақтың жауабы Шығыс көшпенделері татар (тартарапы) әuletі болып саналғаны, ал Батыс көшпенделері мыңқол болып аталуына байланысты ма деп ойлаймын.

Тарихта осыдан кейін «аша төре», «аша тұрғұқ», «тұрқ аша» дегендей ұғым пайда

болды. Біздің қазіргі тарихшылар жазып жүргендей олар «түркеш» емес еді, оларды анықтап, зерттеп тексергенде орлар тұрғык аша дегенді білдіретін. «Аша» дегені ол жалайыр тайпасының таңбасы, үш айыр, үш жолды білдіретін мағынада болғандықтан, біздің тарихшылар олардың жалайыр екенін біле алмай келген. Енді, міне, тарих бетіне ашатұрғұқтар шықты, яғни көк тұрғыны. ( 408б.)

Жібек саудасы өркендер, Қытай мен Византия, Қытай мен Рим арасы, Қытай мен Индия, Қытай мен Иран арасына байланыс жол түскен кезде сауда керуендерін, негізінен, қазіргі қазақтың белді руларының бірі жалайыр жігіттері бастап жүретін болған. Ал ол керуендерді протоказақ тайпаларынан шыққан мықты жігіттер бірінен-бірі қабылдан алып, ары карай өткізіп тұратын болған.(429б.)

Сейтіп 200 жылдай мерзімге созылған көктүрүқ, яғни дулаттардың әuletі енді тұрғык ашалардың, яғни жалайырлардың қолына тиді. Тұрғық Аша (және бір аты Ашалы) ханының сарбаздары жеті мындан жұз жиырма мын болып көбейді. Яғни 140 мың атты әскері болды. Ол өзінің ордасын Сырдарияның жағасына апарып тікті. Ордасының атын ұлы күн ордасы деп атады. Іле-Шу бойындағы қалған Жалайырлардың есіміне Кіші орда деген ат берді. Ашалы ханың сыр бойына көшіп кетуінен бастап, Сырманақтар Жалайырдан бөліне бастаған сияқты. Шығыстағы Жалайырлар Дулаттармен көрші-кон араласып тұратын, ал Батыстағы Жалайырлар түркістандықтармен аралас-құралас жүрді. Бұл арада Түркістандық деген сөз Бұқар, Самарқан жақтағы Қанлылар.(64-465 бб.)

Үш аша - жалайырлардың таңбасы, «аша» төмен қарап тұрса - тарақтылардың таңбасы. Ашатаңбалы жалайырлар үш жүзге бірдей тараған. Бірақ, ең көбі, әрине Жетісуда қалған. (48б.)

Ұлы жұз, яғни Сырға қарай көшкен Жолайырлар Адайға барды. Сондықтан Үйсіндердің арасында сактар да бар. (Бұл арада «ұлы жұз» деген сөз жолайралар немесе қазіргі «жалайыр» деген мағынаны білдіреді.)

Қытай императорының батысқа қарай жіберген жаңаңгері Жан-Қиян: «Үйсін мен Сырманақтар, яғни жолайырлар бірге көшіп, бірге қонып жур» - деп жазады» (530 б.)

Жалпы елдігімізге тән бастаухаттарда Ұлы иозылар турасындағы дәйектемелер жетерлік. Киіз туырлықтылар тағдырының сындарлы сәттеріндегі айрықша рөлдері жайлы аз жазылмаған. Енді, мінеки, Бичуриң еңбегі арқылы олардың жалайырлар екендігіне әбден қанығып отырмыз. Дәл осы жерде мағлұматтарды одан әрі толықтыра түсу максатында төмендегі деректерді де келтіре кеткеннің артықтығы жоқ деп білеміз:

Ұлы иозылар – ерте заманда еліміздің батыс солтустік өнірін қоныстанған ежелгі ұлыстардың бірі. Еліміздің жазба жылнамаларында олардың аты «Ұлы иосі », «Ұлы иозі», «Ұлы жұз» түрінде кездеседі. Кейін келе бұлар «Ұлы иозі» және «Кіші иозі» деп 2-ге бөлінген. Ежелгі хансу тілінде жазылған бұл ұлыстардың атын «Ұлы иұз», «Кіші иұз» («Ұлы жұз», «Кіші жұз») деп окуға болады. («Қазақтың көне тарихы», А., «Жалын», 1993. Арап қарпінен көшірғен Мұратхан Қани. 58б.)

Ұлы иозылар – б.ж.с. дейінгі 3-ғасырда Дүнхуаң мен Чилан (Шулен) тауы аралығын қоныстанған. Бұлар өз кезегінде ыңғардардың батыс жағындағы ірі ел еді. Алғашында ыңғар осы иозыларға тәуелді болған. 59б.

Ақырында үйсіндер ыңғардардың көмегімен иозыларды батысқа ығыстырады да Іле өзені алқабы мен Ыстықкөл алқабындағы құнарлы қоныска орныкты. Ұлы иозылардың көшіп кете алмағаны осы өнірде қалып, үйсіндерге қосылды. Осылай үйсіндер ірі елге айналды. (Сонда: 59-60бб.)

Осы айғактамалар Бичуриңнің жазғанымен тонның ішкі бауындай әбден қабысып жатыр емес пе?!

Адамзатқа Шынғысхандай ардақ перзентті берген жалайыр тайпасының елдік мәртебеміздің үстем болуына қосқан үлесі ұшан-теніз. Оның бәрін тізбелеу артық дәл

қазір. Дегенмен, жалайырлардың Шыңғысхан орнатқан Еуразиялық мемлекетте ғана емес, Шыршық пен Ангренде де 14 ғасырда өз ордасын құрғанын, сондай-ақ Иран-Ирак жерінде Ұлы Шейх Хасан Бұзырық жалайыр мен Сұлтан Уәйіс жалайыр құрған Жалайыр елхандары мемлекетінің 14-15 ғасырларда ғажайып тарихымен ерекшеленгенін еске түсіргеніміз абзal. Сондықтан да болар, белгілі тарихшы Ислам Қабышұлы қазіргі Монғолия жері ежелгі Тұранның бір пүшпағы екендігін айта келіп былайша тізгін тартады: «Түрік қағанатының негізін салушы Бумын қаған 552 жылы Жужандарды женген соң Елхан атағына ие болды. Демек, қазактың жалайыр тайпасының тарихы елхандардың бәрі монғолдар болғандығын нақты дәлелдейді. Шығыс тарихшылары, әсіресе парсы ғалымдары елхан лауазымын түркілер хандары да иеленгенін ежелден бері жазып келеді». (Тұран әлемі, А-ты, Санат, 2007 ж. 45 б.)

Іә, акпейілді ағайын, Ұлы қағанмен бірге ел болып қайта түлеп, жаңанға жар сала қайта жанғыратын сәт туды! Қуаныштысы сол, күннің көзін қалай қалқалауға болмаса, ақиқаттың ауылын да солай жауып қоюға уақыт деген төреші қоймайды екен. Еуропалық астамшылдар қамшыны қаншалықты басса да, отаршыл орыстар нешеме жерден бұғауласа да мұқым түрік жұрты, мұның бел ортасында қазактар да туған тарихымен қуана қауышты. Қазіргі таңда бұл бағытта соны серпін, тың жігермен көптеген құнды зерттеулер мен деректі дүниелер өмірге келуде. Соларға жете қанығып, ғасырларға ұласқан шелі басылған сайын халқымыздың еңесі көтеріліп, рухы жарқырай түсуде. Шіркін, Азаттықтың таңы қандай жарық, неткен жарқын десенізші!

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. З. Кинаятұлы. «Шыңғысхан және қазак мемлекеті», Алматы. 2010 жыл, 4 бет.
2. Рашид-ад-Диннің «Жамиғ ат-Tauarih», I т.2 к. 8 б.
3. Н.Я.Бичурин (отец Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Тт.I-II-М.-Л.,1950. 151с.
4. Әбілғазы «Түрік шежіресі», Алматы, 1992 жыл, 177 б.
5. Шаыкәрім «Түрік, қырғыз-қазақ қызындар шежіресі», 40 б.
6. «Истории династии Тан», 45 б. М Мағауин. «Келешек көкжиегіне бастасын». Республикалық «Шыңғысхан» журналы, № 1, 2011 жыл, 3 бет.
7. Рашид-ад-Дин «Жамиғ ат-Tauarih», I т.2 к. 38 б.
8. Акселеу Сейдімбеков. «Көшпелілер тарихы», А., 1995, 5 б.

ӘОЖ 245.160

#### **ШЫҢҒЫСХАННЫҢ АРҒЫ ТЕГІ**

##### **Әміре Әрін**

*I. Жансұгіров атындағы Жемісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қ-сы*

*Мақалада нақты деректер негізінде Шыңғыс ханның ата-тегі, жорықтары, тарихтағы рөлі және үрпақтары жайлы айтылған.*

*В данной статье рассматривается история потомков, походов и происхождении Шынгыс хана, его роль в истории.*

*This article examines the history of the descendants, hiking and origin Shyngys Khan, his role in the stories.*

*Кітт сөздер: Шыңғыс хан, тарих, зерттеу, маңғұл, сібір, шежіре.*

